

Халық сенімі – маңызды

2-бет



Буллинг: әдепсіздік пе, әлде әдет пе?

4-бет



Театрдағы түн

5-бет



1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБИ, 1 СӘУІР, 2023 ЖЫЛ №36 (23 212)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

РЕСМИ

Облыстық мәслихат төрағасы сайланды

Қарағанды облыстық мәслихат төрағасы болып Нүркен Сайфиддинұлы Қобжанов сайланды.



Нүркен Сайфиддинұлы 1967 жылы Қарағанды облысы, Шахтинск қаласында дүниеге келген. Үш жоғары білімі бар. Қарағанды политехникалық институтын, Д.Қонаев атындағы университетті және Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-ды бітірген.

Еңбек жолын 1995 жылы Қарағанды облысы, Молодежный ауданы, «Звезда» совхозының бас инженері ретінде бастаған. 1999-2002 жылдары «Жұлдыз» АҚ Президенті болды. 2002 жылдан дөңді дақылдарды өсіру жөніндегі шаруа қожалығының басшысы әрі құрылтайшысы.

2003 жылы №6 сайлау округі бойынша Осакаров аудандық мәслихатының депутаты болып сайланған.

2017-2022 жылдар аралығында Осакаров ауданының әкімі лауазымын атқарған.

2022 жылдан облыстық мәслихат төрағасы ретінде сайланғанға дейін Бұқар жырау ауданы әкімі қызметінде болды.

ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС

Жаңа Үкіметке үміт – зор, талап – жоғары

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Мәжілісінің пленарлық отырысына қатысты. Үкіметтің атқарған жұмысына қысқаша тоқталып, шұғыл шаралардың нәтижесінде ел экономикасы 3,2 пайызға өскенін, халықтың алдындағы әлеуметтік міндеттемелер уақытылы және толығымен орындалғанын жеткізді.

Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы Конституцияның 70-бабына сәйкес, Парламент Мәжілісінің жаңа құрамы сайлануына байланысты Үкімет өз өкілеттігін тоқтатқанын айтты.

– Біз соңғы жылдары жаһандық және жалпыұлттық ауқымдағы көптеген қиындықты бастан өткердік. Үкімет күрделі кезеңдегі жаңа талапқа тез бейімделді. Сол арқылы экономиканың тоқырауына жол берген жоқ. Жұмыс орындарын қысқартпай, сақтап қалды. Шұғыл шаралардың нәтижесінде ел экономикасы 3,2 пайызға өсті, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Президенттің айтуынша, мұның бәріне билік тармақтарының бірлесіп жұмыс істеуінің арқасында қол жеткен. Осы ынтымақтастықты нығайтып, Үкімет пен Парламент экономиканы дамытып, халықтың әл-ауқатын арттыру үшін барлық күш-жігерін жұмылдыруға тиіс.

Мемлекет басшысы Үкімет пен Парламент экономиканы дамытып, халықтың әл-ауқатын арттыру үшін барлық күш-жігерін жұмылдыруға тиіс.

Осы мақсатта нақты міндеттерге тоқталып, елдің стратегиялық бағдарын жүзеге асыру үшін Үкімет баса мән беруге тиіс мәселелерге назар аударды.

Ал, Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен Үкіметке тұрақты экономикалық өсімнің жылына кем дегенде 4 пайыз болуын қамтамасыз етуді міндеттеді.

– Экономиканың даму үлгісін түбегейлі өзгертуіміз керек. Ол үшін әртараптандыру жұмысын жүйелі жүргізіп, нарық қағидала-



рын нығайту маңызды. Түпкі мақсатымыз – жоғары технологияға негізделген, өзін-өзі толық қамтамасыз ететін және бәсекеге қабілетті экономика құру. Еліміздің негізгі өңірлік инвестициялық хаб ретіндегі ролін күшейту қажет. Былтыр монополиядан арылту және шынайы бәсекелестік орта қалыптастыру салаларында ауқымды жұмыс жүргізілді. Алайда, мұнымен тоқтап қалуға болмайды. Үкімет экономикалық еркіндікті одан әрі кеңейту және мемлекеттің нарықтық процестерге ықпал ету деңгейін төмендету үшін жүйелі шаралар қабылдауы қажет. Аталған шаралардың іске асырылуы еліміздің институци-

оналдық тұрғыда кемелденуіне, оның әртүрлі ішкі және сыртқы сын-қатерлерге төтеп беруіне мүмкіндік береді, – деді Президент.

Президент атап айтқан екінші мәселе – инфляцияны тежеу.

– Биыл оны кемінде екі есеге төмендету керек. Ең алдымен, азық-түліктің бағасын реттеу аса маңызды. Сол себепті агроөнеркәсіп кешенін және сауда-саттықты дамыту – негізгі басымдықтың бірі. Ішкі нарықты өз өнімдерімізбен барынша қамтамасыз ету қажет. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін және оның қосымша құнын арттыру керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сонымен қатар инфрақұрылымды дамыту, аумақтық саясатты жан-жақты ойластырып жүргізу, адам капиталының сапасын дәйекті әрі жүйелі түрде арттыру және мемлекеттік аппараттың жұмысын қайта қарап, оны жаңғырту мәселелеріне тоқталды.

Жиын соңында Президент Премьер-Министрдің кандидатурасын Мәжілістегі партиялар

ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Студенттер стипендиясы көбейеді

Ашық НҚА порталында жарияланған Үкімет қаулысына енгізілетін өзгертулер жобасына сәйкес, 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап колледж студенттерінің стипендиясын арттыру жоспарланып отыр.



Оның ішінде техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмысшы біліктіліктері бойынша оқитын студенттерге – 32 681 (қазір 21 787) тенге; техникалық және кәсіптік (орта буын мамандарын даярлауды көздейтін), орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алатын студенттердің мемлекеттік стипендиясы – 31 422 (қазір 20 948) тенге болады.

Стипендия мөлшерін арттыратын қаражат көлемін республикалық бюджет комиссиясы қолдаған.

«Жалпы стипендия мөлшерін ұлғайту техникалық және кәсіптік білім берудің тартымдылығын едәуір арттырады, колледж студенттерінің әлеуметтік жағдайын жақсартады әрі техникалық және кәсіптік білім бар кадрларды даярлау сапасының артуына әсерін тигізеді», делінген қаулының түсіндірме жазбасында.

Еске салайық, Президенттің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарында студенттер стипендиясының мөлшерін екі есе ұлғайту қарастырылған.

Қаулы жобасын жария талқылау 30 наурызда аяқталған болатын.

Өз тілшімізден

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

2023 жылдың II жартыжылдығына арналған "Ortalyq Qazaqstan" облыстық газетіне жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуы "Қазпошта" АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ редакцияда ресімдеуге болады.

Тарифтер:

Санаты	Мерзімі	"Қазпошта" АҚ каталогы бойынша Қала	"Қазпошта" АҚ каталогы бойынша АУДАН / АУЫЛ
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5848,50 тт	5919,00 тт
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3100,50 тт	3111,00 тт

Қарағанды қ. Ермеков к. № 33, 8 қабат, 88 каб.

Анықтама телефондары:

Рүслан - 8-775-482-22-02

Ботагөз - 8-778-846-00-01

Нұрсұлтан - 8-705-902-04-05

Т.ф.: 43-57-89

E-mail: otidel.pochtovyy@bk.ru

Жол салу еріккеннің ермегі емес

Жол салу еріккеннің ермегі емес. Қыруар қаржы қажет. Мәселен, Майқұдықтың құрметіне іспетті Маркс-Магнитогорек көшесіндегі автожолдың 1 шақырымы, шамамен, 600 млн. тенгеге бағаланды. Жыл сайын елімізде мыңдаған шақырым жол жаңадан салынады немесе жөнделеді. Халықтың аузынан жырып төсеген асфальтты көктем сайын су шайып кетіп жатқанда ішіміз ашитыны содан...

Былтыр Қарағанды облысында 30 млрд. тенгеге жуық қаржы жол жағдайын жақсартуға жұмсалды. Әйтсе де, қалың ел сарғая күткен сапа бар ма?

Нұрқанат ҚАНАПИЯ, «Ortalyq Qazaqstan»

«Сараптаудан өтпеген жолдар көп»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сайлауалды бағдарламасында өңірлердегі жол сапасын жақсарту туралы мәселе көтерді. Үкіметке тапсырма да берді. Биыл 1 мамырдан бастап ел аумағында жол құрылысы қызатыны анық. Кенді өлкеде де арнайы түзілген жоспар бар.

Былтыр Қарағанды облысындағы жол-құрылыс маусымына 29,4 млрд. тенге бөлінді. Бұл қаржының орнымен жаратылып, жол сапасының жақсарғанына, алдымен, тапсырыс беруші мен орындаушы жауапты. Сонымен қатар, қадағалаушы, бақылаушы тараптардың мүдделері осы тұста тоғысқаны қажет. Яғни, салынып жатқан жол міндетті түрде төрт сатылы тексерістен өтуі керек.



4-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 486.58

•USD/KZT 448.05

•RUB/KZT 5.28

•CNY/KZT 65.09

Қазақстан Ұлттық Банкінің 31 наурыз, 2023 жылғы дерегі бойынша



• МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ

Халық сенімі – маңызды депутаттар оған селкеу түсірмейтіндеріне сенімді

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың қатысуымен VIII шақырылған облыстық мәслихаттың бірінші сессиясы өтті. Жаңадан сайланған депутаттық корпусының ашық дауыс беруінің нәтижесі бойынша мәслихат төрағасы сайланып, тұрақты бес комиссияның құрамы бекітілді.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сайлау заңнамаға сәйкес өтті

Жиынды ашқан облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Қайрат Нұркенов алдымен облыстық мәслихатқа депутаттарды сайлаудың қорытындылары туралы хабарлар етті. Бұған дейін белгілі болғандай, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне және облыстық мәслихатқа сайлау аралас жүйе бойынша өткен болатын. Одан бөлек, алғаш рет пропорционалды-мажоритарлық жүйе қолданылды. Қайрат Қаршығұлының айтуынша, облыстық мәслихаттың жаңа құрамын қалыптастырудың қамтамасыз етіп, өңір азаматтары-

ты, – дейді Қайрат Нұркенов.

Жалпы, өңірде облыстық мәслихат депутаттарын сайлау бойынша қалалар мен аудандардың әкімшілік-аумақтық бірлігі шеңберінде 18 бірмандатты сайлау округтері құрылғаны айту керек. Одан бөлек, қалалар мен аудандық мәслихаттардың сессияларында аудандық және учаскелік сайлау комиссияларының бес мыңнан астам, атап айтқанда 5491 мүшесі сайланды.

Саяси партиялар мен өзін-өзі ұсынушылардан кандидаттарды ұсыну және тіркеу де заңнамаға сәйкес өткенін айтады Қайрат Қаршығұлы.

Ал, алты партия бойынша да қанша кандидат тіркелгенін айтқан облыстық сайлау комиссиясының

тізімге енген сайлаушылардың жалпы санының 59,48%-ы, яғни, 761673 сайлаушының 453 043-і өз таңдауын жасаған.

Мандат – мансап емес, мақсат

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 112-бабына және «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңның 20-бабына сәйкес, сайлау комиссиясы облыстық мәслихаттың 36 депутатын тіркеді. Бұл оларға өздерінің депутаттық өкілеттіктерін бастауға мүмкіндік береді.

Сонымен, сайлаушылардың 51,67 пайыз дауысына ие болған АМАНАТ партиясы облыстық мәслихаттың 10 депутаттық мандатын иеленді. Одан кейінгі орында «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы. Олар 12,92 пайыз дауыс жинап, 2 депутаттық мандат алды. АҚ ЖОЛ Қазақстанның демократиялық партиясы «Ауылдан» кейін көп дауыс жинағандардың қатарында. 2 депу-



бойынша сайланды.

– Сіздердің сайлаудағы жеңістеріңіз жоғары жауапкершілік жүктейді. Себебі, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңға сәйкес мәслихат пен атқарушы органдар тиісті аумақта мемлекеттік саясатты жүргізуге, азаматтардың құқықтарын қорғауға, олардың заңды мүдделерін қанағаттандыруға жауапты. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, өткен сайлау ауқымды өзгерістер жасаудағы елеулі қадам және елдегі реформалардың басталуы болып табылады. Сіздер елдің саяси дамуындағы реформалардың тікелей қатысушысы болып табыласыздар. Барлығыңызға жұмыста жаңа табыс, жақсылық тілеймін, – деді облыстық мәслихат депутаттарының куәліктері мен төселгілерін тапсырған Қайрат Нұркенов.

Алдыңғы шақырылымнан сегіз адам депутаттық өкілеттіктерін сақтап қалғанын айту керек.

Бұрын – хатшы, қазір – төраға

Бұл лауазымды бұған дейін Бұқар жырау ауданының әкімі болған Нұркен Қобжанов атқаратын болады. Оның кандидатура-сына VIII шақырылымның бірінші сессиясында жаңадан сайланған депутаттар бірауыздан мақұлдады.

– Облыстық мәслихат төрағасына Нұркен Қобжановтың кандидатурасын ұсынамын. Біз оны ауыл шаруашылық саласын ұтым-

ды ұйымдастырушы, білікті басшы ретінде білеміз. Нұркен Сайфидиұлы еңбек жолын бас инженер ретінде бастап, түрлі басшылық қызметтерді атқарды. Осакаров және Бұқар жырау аудандарын басқарды. Ол өндірістік және мемлекеттік қызметтен өткен. Ұжым мен және тұрғындармен жұмыс жасауда бай тәжірибесі бар. Одан бөлек, адамгершілік қасиеті мен жоғары кәсібиілігін де айту керек. Маңызды сәттерде тиімді шешім қабылдай алатын Нұркен Қобжанов облыстық мәслихаттың төрағасы бола отырып, Мемлекет басшысы алдыға қойған міндеттерді шешуде лайықты үлесін қосатынына сенімдімін, – деді депутат Серғазы Әдеқенов.

Заңнамаға сәйкес, өкілді органға ауысуына байланысты Нұркен Қобжанов аудан басшысы қызметінен босатылады.

– Мен үшін бұл – бүкіл депутаттық корпусың алдында, ең алдымен, өңір тұрғындарының алдында үлкен жауапкершілік. Сенімді ақтау үшін бар күшімді, білімімді және кәсіби тәжірибемді жұмсаймын. Сіздерді VIII шақырылымдағы облыстық мәслихат жұмысының басталуымен құттықтаймын және ел Президенті жүргізіп жатқан барлық міндеттер мен реформаларды іске асыруда табыс тілеймін, – деді Нұркен Қобжанов.

Мәслихаттың бірінші сессиясында бес тұрақты комиссияның құрамы бекітіліп, төрағалары сайланғанын айту керек.

Аманат жүгі – ауыр

Сессия соңында Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері туралы, сондай-ақ, депутаттық корпус

пен жергілікті атқарушы органдардың бірлескен жұмысы туралы айтты.

– Халық көтерген мәселелерді шешу және Мемлекет басшысы алдымызға қойған міндеттерді сапалы жүзеге асыруға көп жеткізу үшін бірлесіп жұмыс істеуге шақырамын. Биылғы жылы алдымызда 10 мыңға тарта жұмыс орын құру арқылы жалпы өңірлік өнімді арттыру міндеті тұр. Ол үшін 47 миллиард теңгеге 11 ірі инвестициялық жобаны жүзеге асыру керек. Сарап индустриялық аймағында құны 30 миллиард теңгеге жуық тұрмыстық техника зауыты іске қосылады. Одан бөлек, «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағында екі импортты алмастыратын жоба қолға алынбақ. Ал, Нұра ауданында «Шұбаркөлкөмір» арнайы кокс өндірісі бойынша жобаны жүзеге асырады. Өздеріңізді бұдан былай жаңа инвесторларды тарту бойынша жұмыстарды бірлесіп атқаруға шақырамын, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Одан бөлек, аймақ басшысы облысы бойынша атқарылып жатқан шараларға кеңінен тоқталды. «Құрметті депутаттар, алдағы жұмыстарымызда халықтың білдірген сенімі мен аманатын ақталуын тілеймін!» – деп аяқтатып сөзін Ермағанбет Қабдололаев.

Ал, облыстық мәслихаттың жаңа төрағасы болса, депутаттық корпусының алға қойған міндеттерді бірге атқарып, сенімдерін ақтайтындарын айтты.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДИГАЛЫМ



ның мүдделері мен құқықтарын толық қорғауға мүмкіндік бермек.

– Барлық деңгейдегі сайлау комиссияларының жұмысына саяси партиялардың өкілдері қатысты. АМАНАТ, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы, Қазақстан Халық партиясы, АҚ ЖОЛ Қазақстан демократиялық партиясы, сондай-ақ, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, кәсіподақтар, ұлттық-мәдени орталықтар, Жастар одағы және басқалары сайлау барысында белсенділік таныт-

төрағасы сайлау барысында байқаушылардың болуы халықтың объективті ерік-жігерін білдіруін қамтамасыз етуге мүмкіндік бергенін айтады. Мәселен, дауыс беру барысын саяси партиялардан бөлек, аккредиттелген қоғамдық бірлестіктерден 5 мыңнан астам бақылаушы, коммерциялық емес ұйымдар, парламенттік сайлауды бақылау жөніндегі ДИАКБ/ЕҚЫҰ миссиясынан және ТМД байқаушылары бақылады.

Ал, депутаттар сайлауына

таттық мандат алған олар сайлаушылардың 10,77 пайыз дауысын иеленген. Қазақстан халық партиясы да сайлаушылардың 10,43 пайыз дауысын иеленді. Сәйкесінше, облыстық мәслихаттағы екі мандат осы партияға тиесілі. Ал, сайлаушылардың 6 пайыздан астам дауысына ие болған «Байтақ» жасылдар партиясы мен Respublica партиясы бір-бір депутаттық мандаттан алды.

Ал, облыстық мәслихаттың 18 депутаты бір мандатты округтер

• ПІКІР

Ашық қоғамға нық қадам

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуындағы сөзінен көп жайды аңғаруға болатындай. Президент жыл ішіндегі еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі негізгі өзгерістерге тоқталып, жүзеге асырылған реформалар «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидасына негізделгенін қадап айтты.

– Бұл – ұзақ жолдың басы ғана. Реформалар жалғаса береді, саяси құрылымды жетілдіру қажет. Бұл – аса маңызды жұмыс. Биыл алғаш рет 45 аудан және облыстық маңызды бар қала әкімдерін тікелей сайлау өтеді. Содан кейін еліміздегі барлық аудан әкімдерін сайлайтын боламыз. Осылайша, біліктің барлық институттары жаңарып, тың қарқынмен жұмыс істей бастайды. Біз саяси үдерісті демократияландырып, азаматтардың мемлекетті басқару ісіне қатысу мүмкіндігін кеңейте береміз. Бәріміз мына бір өте маңызды нәрсені түсінуіміз керек. Қазақстан – осы геосаяси аймақта түбегейлі реформа жүргізіп жатқан бірден-бір ел. Оның бәрі, ең алдымен, ел болашағы үшін айрықша маңызды, – деді Президент.

Бұл ашық қоғамның алғы-шартындай маңызды мәлімдеме болды деп санаймыз.

Өзім отбасы құндылықтарын насихаттап жүрген жан болғандықтан, Парламент сессиясының ашылу салтанатын қалт жібермей қарап, ой елегінен өткіздім. Президент еліміздің негізгі басымдықтарына тоқталып, Парламенттің алдағы жұмысы туралы ойларын ортаға салды. Атап айтқанда, Қасым-Жомарт Тоқаев іскерлік белсенділікті ынталандыру, еліміздің өндірістік әлеуетін арттыру, инфрақұрылымды дамытуға қатысты ұстанымдарды қайта қарау, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адам капиталының сапасын арттыру, әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтарды қолдау, адам құқықтарын қорғау жүйесін нығайту, мемлекеттік басқарудың тиімділігін және стратегиялық жоспарлаудың сапасын көтеру мәселелеріне назар аударды. Бұл – ендігі елдік жолындағы қызметке кіріскен депутаттарға дап-дайын бағдар. Бұл жиындағы елдің енді сайланған төбелдері қаймаңа жұртқа төбеден қарамай, түмен елдің мәселелерін түбегейлі шешуге әрекет қылады деген сенім бар.

Индирә ЖАНУЗАҚҚЫЗЫ,
«Сенімен болашақ» РҚБ
Қарағанды облыстық филиалының басшысы

Адами капиталға тірек болар бағыт анық

Ашығын айтайын, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың соңғы жылдардағы өткізген реформалары халқымыздың сана-сезімінің өсуіне, халқымыздың рухани қуатының молаю түсуіне кең өріс ашты. Оны мойындаған абзал.

VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясында сөйлеген сөзім мен жылы қабылдадым. Себебі, Президент сөзінде нақтылық бар әрі бұрынғы Жолдауларының заңды жалғасындай, үндестік байқатып, тіпті онымен етене қабысып жатыр. Бұл елдік жұмыстың үзіліссіз атқарылып жатқанының нақты айғағы.

Алдымен сөзінің өн-бойында адами капиталға тірек болатын нақты бағыттарды тірек етті. Бұл – Президентіміздің халықтың хал-ахуалын жетік біліп, кеше қандай болды, бүгін нендей өзгерістер бар екендігін барынша аңдап біліп отырғанын аңғартады.

Алдымен адами капиталдың негізін қалайтын – білім саласына тоқталды. Келер ұрпақты елін, жерін сүйетін елжанды, отансүйгіш етіп тәрбиелеу міндеті білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыты екенін аңғартты. Бүгінгі білім саласы арқылы адами капиталды байыту – кезек күттірмес істердің бірі. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп ұлы бабамыз айтқандай, өскелең

ұрпақтың болашағының бір кілті – мұғалімде. Сондықтан «мұғалім даярлау ісін жетілдіру қажет» деуінде сондай гәп жатыр.

Екіншіден, денсаулық сақтаудағы адам капиталы. Егер Президенттің «Ауылдық денсаулықты сақтауды жаңғыру» жобалық тапсырмалары орындалып, өмірге енсе, бұл бастаманың халықтың белгілі бір бөлігінің денсаулық жағдайын жақсартуға ықпал етері сөзсіз.

Үшіншіден, спортты өркендетуіміз керек. Өйткені спорт – саламатты өмір салтының негізі. Спорт – тарихи-әлеуметтік түрде қалыптасқан көпқұрылымды, көпқызметті феномен. Бүгінгі таңда дүниежүзілік аренадағы және Қазақстандағы спорттың айтарлықтай дәрежеде болуы әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде айғақталуы табиғи-объективті, қоғамдық заңды үдеріс. Осы жетістіктер жалғасын тапқаны дұрыс.

Басқа да көптеген жобалардың іске асуы, алдағы уақытта жүзеге асатындығын кепілдендіру жүдеу тартқан көңілімізге үлкен медеу ұялалары сөзсіз.

Рүстем ОҚАШЕВ,
Қазтұтынуодағы
Қарағанды университеті
ЭҚҚР кафедрасының доценті,
педагогика
ғылымдарының кандидаты

Білім сапасын көтеру – бірегей басымдық

Мемлекет басшысының қатысуымен VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясы өтті. Алқалы жиында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі саяси реформалар жалғаса беретінін айтып, жаңадан сайланған депутаттарға әрбір істің нәтижелі атқарылуына қатысты талаптар қойды. Барлық іс-шара заң шеңберінде жүзеге асырылуы қажет екендігін тағы бір рет ескертіп, алдағы 5 жылда атқарылатын жұмыстарды пысықтады. Олардың ішінде білім беру сапасын арттыру жұмыстары да бар.

Президент өз сөзінде білімді азаматтар елімізді алға жетелейтін, сол үшін білім беру жүйесін жан-жақты дамыту қажет екенін айтты.

– Соңғы жылдары мемлекет бұл салаға инвестицияны едәуір көбейтті. Балабақша тапшылығы біртіндеп азайып келеді. Барлық облыста мектеп салу, оны жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Оқу орындарын материалдық-техникалық жабдықтау ісі жанданды. Бірақ мұның өзі жеткіліксіз. Білім сапасын, әсіресе, орта білім деңгейін арттыру үшін батыл шешім қабылдау қажет. Білім беру саласында ұстаз – ең басты тұлға. Оның қоғамдағы абырой-беліні арттыру біреуіміз керек. Алайда мұғалімдердің, директорлардың және педагогикалық оқу орындары түлек-

терінің көпшілігі Ұлттық біліктілік емтиханынан өте алмады. Маған кейбір тәжірибелі ұстаздар тиісті министрлік дайындаған тапсырмалар тым күрделі деп шағымданды. Бәлкім, оны беретінін айтып, жаңадан сайланған депутаттарға әрбір істің нәтижелі атқарылуына қатысты талаптар қойды. Барлық іс-шара заң шеңберінде жүзеге асырылуы қажет екендігін тағы бір рет ескертіп, алдағы 5 жылда атқарылатын жұмыстарды пысықтады. Олардың ішінде білім беру сапасын арттыру жұмыстары да бар.

Сондай-ақ, мұғалім тапшылығын сылтау етіп, мектепке кез келген адамды жұмысқа қабылдауға болмайтынын, мұндай әрекет ұстаздардың біліктілік деңгейін күрт төмендететінін жеткізді. Осы орайда мұғалім даярлау ісін жетілдіруде нақты шаралар да қабылданатын болады.

Президенттің сөзіне сүйенсек, алдағы уақытта арнайы бағдарлама даярланып, білім саласын өзгертетін 1 мың маман арнайы дайындықтан өтетін болады. Түптеп келгенде, мұның барлығы еліміздің дамуына әсер ететін ең негізгі факторлардың бірі. Себебі, білім сапасы төмен болған жерде ешқашан даму болмайтыны бәрімізге белгілі.

Манарбек КӘРІМ,
аудандық архив басшысы

Қарқаралы ауданы

Іздеген жанға жұмыс табылады

Үш жылда облыстағы агроөнеркәсіп кешенінде 1,5 мыңнан астам жұмыс орны құрылады. Тартылатын инвестиция көлемі – 50,1 млрд. теңге. Бұл туралы инвестициялық жобалардың жалпымұлттық пулында келтірілген мәліметтен біздік.

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ақпан айында Үкіметте Агро-өнеркәсіптік кешенді дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының өзектендірілген жобасы қаралған еді. Кеңесте құжаттың алдағы жылдардағы болжамды жаһандық сын-қартерлер мен өзгерістердің, бизнес өкілдері мен сарапшылардың ұсыныстары ескеріле отырып әзірленгені айтылды.

Тұжырымдама агроөнеркәсіп кешеніндегі еңбек өнімділігін екі есеге арттыруды, экспортты үш есеге ұлғайтуды көздейді. Сондай-ақ, құжатқа сәйкес, 2030 жылға дейін ішкі нарықты отандық азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету көрсеткіші 90 пайызға жетуі шарт. Бұл мақсатта ауыл шаруашылығы саласының негізгі капиталына тартылған инвестиция

көлемін орта есеппен 2,5 есеге арттыру жоспарлануда.

Отандық өнім экспортының көлемін арттыру бағытында шет елге өнім жеткізушілер тізімін кеңейту жұмысы жүргізіледі. Бұл жұмыстар экспортты 9,9 млрд. АҚШ долларына дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, 2030 жылға дейін ауыл шаруашылығының барлық саласында құны 4,5 трлн. теңге болатын 1,7 мыңнан астам инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлауда.

Быттыр облыста 31 жоба мәресіне жетті. Бұл жобалар құны 19,4 млрд. теңгені құрайды. 502 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

Тізіп көрсек, май зауыты заманауи технологиямен жабдықталды. Мұнда 3,5 млрд. теңге көлемінде инвестиция құйылды.

Ұн және кондитер өнімдерін шығаратын зауыт тұрғызылды. Зауыт құрылысына 1,2 млрд. теңге жұмсал-



ды. Қазір бұл зауыт тәулігіне 40 тоннаға дейін өнім береді.

Майлы дақылдарға арналған қойма бой көтерді. Сыйымдылығы – 7 мың тонна. Жоба құны – 628 млн. теңге.

Қазіргі уақытта картоп және

көкөніс сақтайтын екі қойманың қабырғасы қалануда. Аталған нысандар биыл ашылады деп күтілуде.

Өзге бизнес жобалар бойынша құжаттар әзірлену үстінде. Мәселен, келесі жылы қойды сойып, етін әлемдік стандартқа сай дайындайтын



пех іске қосылады. Кәсіпорынға 26,5 млрд. теңге қаржы тартылады.

Бірнеше жылыжай кешені қолданысқа берілімек. Құны 10,3 млрд. теңге болатын бір жылыжай қияр мен қызанаққа арналса, 2,1 млрд. теңгеге тұрғызылатын жылыжайда бүлдірген өсіріледі. Алғашқысы келесі жылы жұмысын бастайды. Ал, соңғысы 2025 жылы жемісін бермек. Қос жылыжай ашылғанда 65 адамды жұмыспен қамтиды.

Келесі жылдың жоспарында ұн комбинаты мен сүт фабрикасының құрылысы тұр. Ұн өндірісіне 600 млн. теңге қажет. Ал, сүтті барынша өңдеп, түрлі өнім беретін өндірісті жолға қою үшін 500 млн. теңге қарастырылуда. Қос нысанда 75 адам еңбек ететін болады.

Суармалы жерлер де назардан тыс қалмайды. Алқаптарды ұлғайту бойынша төрт жоба қолға алынууда. Бұл жобалардың жалпы құны 6,6 млрд. теңгені құрайды. Және 1,8 млрд. теңгеге тағы бір картоп қоймасы салына- бақ. Сөйтіп, үш жылда мың жарым адам агроөнеркәсіп саласындағы инвестицияның игілігін көрмек. Яғни, іздеген жанға жұмыс көбейеді.

• БРИФИНГ

Ауылға инвестиция келе жатыр

Өңірде ауыл шаруашылығы саласының қазіргі қарқыны бәсеңсмейді. Оған мемлекет тарапынан қолға алынған түрлі инвестициялық жобалар тиісіне себін тигізуде. Тек қана жерді ұтымды игеріп, дұрыс саясат ұстана білу керек. Мәселен, инвестициялық жобалардың Жол картасына сәйкес, 2022-2026 жылдар аралығындағы кезеңде облыстың агроөнеркәсіп кешені саласында 141 млрд. теңге сомасына 72 жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Бұл – 3 123 су жана жұмыс орны. Бұл турасында Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Қарағанды облысы ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпанов кенірек тоқталып өтті.

тәжірибені жаппай қолдану үшін 400 млрд. теңге қаржы қарастырылған. Қаражат күс еті, сүт өндіру бойынша инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, сонымен қоса, көкөніс өсіруге суармалы жерлерді қалпына келтіру жобаларын және көкөніс сақтау инфрақұрылымдарын іске қосуға бағытталатын болады. Осы арқылы азық-түлік бағасын тұрақтандыру әрі жана жұ-

мыс орындарын құру арқылы ауыл тұрғындарының табыс деңгейін арттыруға мүмкіндік бермек.

Жоғарыда аталған тәжірибені жаппай қолдану мақсатында 2024-2026 жылдар аралығында облыста іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне жалпы сомасы 59,7 млрд. теңгені құрайтын 41 жоба ұсынылды. Ал, келер жылы жалпы сомасы 33,7 млрд. теңгені құрайтын 31 жобаны іске асыру көзделуде. Облыста сәтімен жүргізіліп жатқан бірнешеуіне тоқталып өтсек.

Мәселен, Қарқаралы ауданында «Атамұра Табыс» ЖШС «Абердин ангус» тұқымды ірі кара малдың аналық басын 345 млн. теңге сомасына 500 басқа дейін ұлғайтуды жоспарлауда. Бұл – Шотландияның ежелден абердин және ангус графтықтарында пайда болып «кір тартатын», мүйізсіз ерекше тұқым. Әдетте, фермерлер ірі қараның бұл түрін етінің молдығына қызығып өсіреді. Ендігі меже – мал санын көбейтіп, игілікке жарату.

Ал, Бұқар жырау ауданына қарасты «Лайф актив» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен бірлескен құны 1 млрд. теңгені құрайтын 7 600 тонна картоп сақтауға арналған қойма салу инвестициялық жобасы сәтті іске асты.

Бұдан өзге биыл республика шағын несие беру есебінен ауыл шаруашылығы кооперациясын белсенді дамыту жолымен ауыл халқының табысын арттыру жөніндегі жобаны іске асыру басталды.

Алдағы 7 жыл ішінде республика бойынша 1 млн-нан астам ауыл тұрғындарын қамтып, 350 мыңнан астам жұмыс орнын құрып, барлық жеке қосалқы шаруашылықтардың жартысын кооперативтік кәсіпкерлікке жұмылдыру көзделіп отыр. 2023 жылы жобаны іске асыруға 11 мың шағын несие беру жоспарымен 52,4 млрд. теңге қарастырылды. Оның ішінде Қарағанды облысы үшін биыл 3,4 млрд. теңге бөлінді.

Жобаның мақсаты – ауыл халқының өмір сүру деңгейі мен экономикасын көтеру. Негізгі міндеті – ауыл халқының табысын арттыру. Сәйкесінше облыстың барлық аудандарында жұмыс топтары құрылды. Елді мекендерде несие берудің негізгі талаптары мен ережелерін түсіндіру бойынша тұрғындардың жиындары өткізіледі.

Ауылдың әлеуметтік-экономикалық көрінісін анықтау үшін барлық ауылдық округтерге скрининг жүргізілді. Скрининг нәтижелері Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен «Ауыл аманаты» жобалық кеңсесіне келісу үшін жолданды. Сенімді агентті айқындау жөніндегі ашық конкурстың қорытындысы шығарылды.

Сондай-ақ, «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасының алаңын-

да аудан әкімдері орынбасарларының, ауылдық округ әкімдерінің және «Сарыарқа ӘКК» АҚ кредиттік бөлімі өкілдерінің қатысуымен «Ауыл аманаты» жобалық кеңсесінің тренерімен арнайы семинар кеңес өткізілді. Бүгінгі күні әлеуетті қарыз алушылардың микрокредиттер алуға өтінімдерін қабылдау бойынша жұмыс басталып та кеткен.

Микрокредиттер беру мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, ауыл шаруашылығын қайта өңдеу саласына, техника мен аспапты жабдықты сатып алу сынды маңызды бағыттарға арналады.

Редакция тілшісінің «қазіргі кезде агроном мамандығына сұраныс бар ма?» деген сауалына Сырым Бейсейітұлы былайша жауап берді:

– Агроном – қашанда сұранысы жоғары мамандық. Бұрынғыдай әр кешар мен бөлімшеде бір-бір агроном болмағанымен, ірі шаруашылықта кәсіп мамандар кезігеді. Облыста егіншілікпен айналысатын Осакаров, Нұра, Бұқар жырау, Абай аудандарында республика деңгейіндегі білікті мамандарды қабылдап жатады.

Бүгінде оң нәтиже көрсетіп жатқан инвест бастамалар жалпылай алғанда, өңір экономикасы, ауыл шаруашылығы саласы үшін маңызды. Жоспардағы бар істер кәдеге жарап, оң шешімін тапса, ауыл жұртының ғана емес, барша ел халқының ертенгі хал-ахуалы жақсарары кәдік.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған жобаларды жүзеге асыру, экспортқа бағдарланған сапалы ауыл шаруашылығы өнімін өндіру көлемін ұлғайту есебінен ішкі нарықты жергілікті өніммен толықтыру арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталуда.

– Заманына қарай тәсілі. Биыл еліміз бойынша агроөнеркәсіп кешені саласында – әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар арқылы қаржыландыру есебінен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру әдісі қолға алынды. Бұл тәжірибе, екі жыл бұрын Солтүстік Қазақстан облысында оң нәтижесін беріп, 2 жылда 7 бағытта 31 жоба жүзеге асырылды, – деп мәлімдеді спикер.

Тұтас республика бойынша тың



Бекем бірліктің үлгісі

30 наурызда VIII шақырылған Теміртау қалалық мәслихатының бірінші сессиясы өтті. Оған Теміртау қаласының әкімі Ораз Тәуірбеков пен орынбасарлары, қалалық сайлау комиссияларының мүшелері, қаладағы мекемелер мен бөлім басшылары, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері қатысты.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сессияны ашқан қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Наталья Шевченко 19 наурызда өткен Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттарын сайлау қорытындысында Теміртау қалалық мәслихатының депутаты болып сайланған 17 адамға депутаттық куәлік пен төсбелгі тапсырып, депутаттар корпусының 76% жаңарғанын мәлімдеді.

Келесі кезекте қала әкімі Ораз Тәуірбеков жаңадан сайланған депутаттарды құттықтап, сәттілік тілеп, бірлесу жұмыс істейтіндеріне сенім білдірді. Ол өз ойын бірыңғай қазақ тілінде жеткізді.

Тіл демекші, осының алдында 29 наурызда қалалық мәслихаттың осы жолы сайланған 9 депутаты қол қойып, Теміртау қалалық мәслихаты аппаратының басшысы О.Миронова мен қалалық сайлау комиссиясы-



ның төрағасы Н.Шевченконың атына жолдама жөнелткен екен. Оны жолдаушылар осы болатын бірінші сессиядан бастап барлық сессия отырыстары мен іс-қағаздарын қазақ тілінде жүргізуді талап етіпті. Қалалық мәслихат аппараты қабылдап, тіркеген жолдама сол күні-ақ интернет желісіне тарап, кешелі-бүгін сан алуан пікір тудырып жатыр.

Міне, осындай сәтте қала әкімі Ораз Тәуірбековтің өзі бас болып, мәслихат депутаттарына үлгі көрсетіп, жол салып бергендей. Қала-

лық мәслихаттың төрағасы болып сайланған Алексей Ломакин де сөзін қазақша бастап, содан кейін гана орысшасына көшті. Сессия барысында сөйлеген депутаттар да өз ойларын қалаған тілдерінде еш аудармастан білдіріп жатты. Бірақ бұған тосырмай қарап, тыңжырылған бір жанды байқамадық. Демек, даурығып, айқайға аттан қосудан гөрі осылай өзара түсіністік пен сыйластық орнағанда, келе-келе сессиялардың қазақша өтетініне сенім ұлғая түседі.

Одан әрі қалалық мәслихаттың төрт тұрақты комиссиясының құрамы мен төрағалары бекітіліп, «AMANAT» пен «Ақ жол» парти-

яларының депутаттық фракциялары тіркелді.

Сонымен жоғарыдағы жолдамадан кейін ел құлағы елеңдеп отырған сессия да ың-шыңсыз аяқталып, теміртаулық депутаттар жұмысына кірісті. Бірінші күннен-ақ бірлігін байқатқан депутаттар корпусы қала халқының алдында берген уәделерін орындап, олардың үмітін ақтарына сенім мол.

ТЕМІРТАУ

• ЖОБА

Әлеуметтік төлемдер артады

Үкімет еңбек ету қабілетінен және асыраушысынан айырылған адамдарға төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін 1 шілдеден бастап 14,5 пайызға арттыру туралы қаулы жобасын жариялады.



«2023 жылғы 1 шілдеге дейін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбек ету қабілетінен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайларына тағайындалған әлеуметтік төлемдердің мөлшерін 2023 жылғы 1 шілдеден бастап алатын әлеуметтік төлемдердің мөлшерінен 14,5%-ға индексациялау жолымен жүзеге асырылады. Құжат жобасы 13 сәуірге дейін қаулы жобасында.

Еңбек және халықты әлеумет-

тік қорғау министрлігінің түсіндіруінше, халықтың әлеуметтік осал топтарын әлеуметтік қолдау Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбек ету қабілетінен және асыраушысынан айырылған жағдайда тағайындалған әлеуметтік төлемдерді 14,5%-ға индексациялау жолымен жүзеге асырылады.

Құжат жобасы 13 сәуірге дейін талқылауда болады.

Өз тілшімізден



• ӨЗЕКТІ

Буллинг: әдепсіздік пе, әлде әдет пе?

Психологтар ер адамдарға қарағанда әйелдер мен балалар қатыгез келетінін айтады. Әйелдер қатыгездігінің қалай көрініс беретінін білмедік, бірақ, бала қатыгездігінің қандай екенін ЮНИСЕФ жариялаған деректен көруге болады. Мәселен, әлемдегі 150 миллион бала мектепте немесе құрдастары тарапынан зорлық-зомбылыққа ұшырайды екен. Ал, Қазақстанда әрбір бесінші жасөспірім – буллингтің құрбаны. Тағы бір айта кетерлігі, тіпті сорақылығы деуге де болады, еліміздегі буллингтің нақты статистикасын анықтау мүмкін емес. Себебі, мектеп әкімшілігінің өзі мұндай жағдайларды жасырып қалуға мүдделі. Қорқыныштысы – осы. Оның үстіне, әлем балалар қатыгездігімен, атап айтқанда буллингпен күресудің әдіс-тәсілдерін іздеп, жармақ құлағы жастыққа тимей жүргенде, «елімізде «буллинг» терминінің тіпті қажеті жоқ, бұл Еуропа елдеріне ғана тән» деп, кері тартушылар да болды. Бірақ, «ауруын жасырған өледі» демекші, дер кезінде дабыл қақпаса, кез келген проблеманың салдары оқыс оқиғаға апаратыны белгілі. Апарды да. Дәл осы буллинг салдарынан өз-өзіне қол жұмсап, жетпей желкесі қиылған жасөспірім қаншама...

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жараны жасырғанмен – жарылады

Өткен жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бала құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Бірақ дәл осы кезде бірқатар қазақстандық «буллинг» термині бізге керек емес, деп, шат-шәлекей шығарғаны бар. Сонда айтатын дәлелдері – бұл норма Қазақстан үшін қажет емес, тек Еуропа елдеріне ғана тән. Бұл туралы «Liter.kz» желілік басылмалық жазған болатын. Кейіннен заңгерлердің түсіндіруімен бұл терминнің біздің еліміз үшін де қажеттігін нақты деректермен келтіргеннен кейін қабылданған болатын.

Сонымен, Қазақстан буллингпен күресте баланы жәбірлеудің профилактикалық қағидаларын бекітіп, нақты іске кірісті. Аталған қағида Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №506 бұйрығымен бекітілген. Оған сәйкес, білім беру ұйымының әкімшілігі баланы жәбірлеуге жол бермеу үшін барлық жағдайды жасайды. Одан бөлек, жыл сайын оқу жылының басын-

да буллингтің алдын алу жоспары бекітіледі. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары арқылы оқушыларды хабардар етеді.

Ал, егер буллингке ұшырау жағдайлары орын алған болса, жедел түрде бала туралы жедел ақпарат жиналып, сынып жетекшісі педагог-психологпен бірлесіп, буллингке ұшыраған баламен де, жәбірлеген баламен де әңгімелесу жүргізуі тиіс. Осы орайда ата-ананың да ролін айту керек.

Қарағанды қаласындағы №15 орта мектептің педагог-психологы Сәуле Амантаева ата-аналарға балалары буллингке ұшыраған жағдайда мұғалімдермен кеңесіп, тығырықтан шығатын жолды қарастыру керек екенін де ескертеді.

Өзге ел буллингпен қалай күреседі?

Мәселен, Швецияда 1979 жылдан балаларға зорлық-зомбылыққа, оның ішінде психологиялық зорлық-зомбылыққа да тыйым салынған. Баланы мүлдем ренжітуге болмайды. Ол заңмен бекітілген. «Білім беру туралы» және «Кемсітуге тыйым салу туралы» Заңға сәйкес, мектеп басшылығы баланың ешқандай қысымға ұшырамайтынына кепілдік береді. Одан бөлек, шағымдарды қарастыратын арнайы «Мектеп инспекциясы» тағы бар.

Ал, АҚШ болса алғашқылардың бірі болып, 1999 жылдан

буллингпен заңды түрде күресті бастады. Мысалы, Джорджия штатында өзге балалардың көңіл күйіне нұқсан келтірмес үшін гаджеттерді қолдануға тыйым са-



лынған. Ал, басқа штаттарда баланы қорқытқандар қылмыстық жауаптылыққа ұшырайды.

Ал, көршілес Ресейде мемлекет тарапынан қолдауға ие болған буллингке қарсы бағдарламалар болмағанымен, аталған мәселеге

айтарлықтай көңіл бөлінуде. Атап айтқанда, сыныптағы жағдайға және мұғалімдермен, ата-аналармен және оқушылармен атқарылатын жұмыстарға мониторинг жүргізіледі.

Буллингке қарсы алғашқы бағдарламалардың бірі – 1983 жылы енгізілген норвегиялық «Ольвеус жүйесі». Оның мақсаты – мектеп оқушыларын ғана емес, ата-анадан бастап мектеп күзетшілеріне дейін буллингті анықтауға және тоқтатуға үйрету. Бағдарлама тек Норвегияда ғана емес, Мексика, АҚШ, Литва, Ұлыбритания, Швеция және тағы басқа елдерде табысты қолданылуда.

гізсіз деп шешкен. Олар алдымен мектептегі ахуалды жан-жақты зерттеп барып қана, өзгеріс жаза-саған. Нәтижесінде, мұғалімдер буллингке қарсы саясатты түсіндіргені үшін қосымша ақы алса, балаларға рольдік ойындар, пікірталастар, театрландырылған қойылымдар, тренингтер арқылы буллинг мәселесі талқыланады. Тіпті, оқушылардың өзін-өзі бағалауын, әлеуметтік дағдыларын дамытуға тырысады.

Нәтиже бір күнде болмайды

Елімізде буллингтен зардап шеккен оқушылар туралы жаңа деректер жоққа тән. Мәселен, 2020 жылы 300 мыңнан астам қазақстандық оқушы буллингке ұшыраса, 2021 жылы бұл көрсет-

ынша әдістемелік ұсынымдар» оқулығының авторы Сәуле Амантаева буллингке ұшырайтындардың дені – тойтарыс бере алмайтын оқушылар екенін айтады.

– Көп жағдайда физикалық әлсіз оқушылар буллингке жиі ұшырайды. Сондай-ақ, келбетінде өзгешелігі бар, тіпті, сырт келбеті сәлсіз балалар да – осы қатарда. Оқу жылы басталғаннан сыныптағы оқушылардың ролдері өзара бөлініп, қарым-қатынастары бекіп болған кезде жаңадан келген оқушылар да

өзінің сыныптастары тарапынан жәбірлеуге ұшырауы әбден мүмкін, – дейді педагог-психолог.

Сәуле Оңғарбайқызы жасөспірім кездегі агрессия баланың ата-ана тарапынан сүйіспеншілік пен қамқорлықтың болмауы, жыныстық және психологиялық жетілу, өзіне назар аудару салдарынан болады дейді. Сәйкесінше, отбасында зорлық-зомбылық көрген бала ашу мен агрессияға бейім.

Бүгінде жоғарыда аталған қағида бойынша облыстың оқу орындарында күнделікті алдын алу шаралары тұрақты жүргізіліп жатқанын айтады мамандар. Тіпті, кәметке толмағандар арасындағы буллингке байланысты құқық қорғау органдарында да ешқандай ақпарат тіркелмеген. Бұл, әлбетте, буллинг түбегейлі жойылды деген емес. Заң қабылданған күннің өзінде, ол проблеманы 100% шешпейтіні анық. Оның үстіне, мектептегі жағдай елдегі толеранттылық деңгейіне тікелей байланыстылығы тағы бар. Алайда, проблеманы мемлекеттік деңгейде мойындау – буллингке қарсы күрестегі үлкен қадам екені анық.

– Буллингтің тамырына түбегейлі балта шабу мүмкін емес. Қоғам болғаннан кейін ондағы адамдар да, олардың әлеуметтік жағдайлары да әр түрлі. Бірақ, мұғалім, ата-ана, оқушы проблеманы шешуге мүдделі болғанда ғана балалар буллингін тоқтатуға болады, – дейді Сәуле Оңғарбайқызы.

Жол салу еріккеннің ермегі емес

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бірінші – тапсырыс беруші, екінші – мердігер, үшінші – техникалық қадағалау мен авторлық қадағалау қызметтері және соңғысы «Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» РМК тұрақты түрде сапаны сараптап отыруы шарт. Алайда, аталған орталықтың Қарағанды филиалының басшысы Нұржан Темірханов бұл шаруаның ақсап тұрғанын жасырмайды.

– Былтыр облыста жүргізілген жол құрылысы тиісті тексеріспен толық қамтылған жоқ. Мәселе – қаржыландыруда. Біздің мекеме келісімшарт негізінде жұмыс істейді. Яғни, жол салынатын, жөнделетін жердегі жергілікті әкімдікпен сапасын қадағалау бойынша келісімшарт жасаймыз. Сол келісімшартқа сәйкес тексеріс жүргіземіз. Өкінішке қарай, әкімдіктер бұл міндетке құлықсыз қарайды. Біздің сараптаудан өтпеген жолдар көп. Бірақ, бұл нысандарды тапсырыс беруші қабылдап, ақшасы төленіп кеткен. Сондықтан, қазір жол сапасына қатысты проблема туындап отыр. Индетіп келсе, сыбайлас жемқорлықтың да құлағы қылтып тұр, – дейді Нұржан Темірханов.

Директордың айтуынша, Ұлттық сапа орталығының құжатынсыз бұл жолдарды әкімдік қабылдамауы керек.

«Толық тексеріске қаржы жоқ»

Былтыр 326 млн. теңгеге келісімшарт түзілуі тиіс-ті. Бірақ, іс жүзінде 163 млн. теңгеге 18 келісімшартқа қол қойылды. Филиал мамандары 348 мәрте инспекциялық тексеріске шығып, 1217 сынама алды. Оның 518-і талапқа сәйкеспейтінін көрсетті.

Қаржы жетіспегеннен 128 нысанның 97-сі ғана тексеріспен қамтылды. Яғни, 75,8 пайызы. Ал, қалған 24,2 пайыз жолдың жай-күйі қандай екені бір Құдайға аян.

Тағы бір түйткіл, қаржы тапшылығынан тексеріспен қамтылған жобалардың өзін бастан-аяқ тергеп шығуға мүмкіндік жоқ.

– Мәселен, жобада көрсетілген 20 шақырым жолды түгел сараптамадан өткізуге бөлінген қаржы жетпейді. Еріксіз таңдап жүріп, кемшілігі көзге көрініп тұрған тұстардан ғана керн аламыз. Мердігер де әккіленіп алған, сол жерлерді ғана қайта жасап, тапсыра салады. Толық тексеріске қаржы жоқ, – дейді директор.



Жол құрылысындағы тағы бір мәселе – битум сапасы. Төңіректегі жұрт Павлодардағы мұнай-химия зауытының өнімін тұтынады. Егер, зауыттан шыққан битум сапасыз болса, маңайдағы түгел жол көпке ұзамай кәдеге жарамай жататыны бар. Қазір филиал битум сапасына қатаң талаптар қойып отыр.

– Былтыр битумды сараптауға

қатысты 68 сынама алынды. Оның 35 пайызы талапқа сай болмады. Егер, битум нашар болса, асфальт ыстық-суыққа төзбейді. Жарылып кетеді. Қарағанды – сулы өңір, қар мол. Көктемде шайып кетеді. Бұған дейін біздің қызмет көрсету аумағымызда болған Ұлытау облысында битум сапасына қатысты проблема көп болды. Балқаш қаласында да қордаланған мәселе жеткілікті. Сондықтан, битумды байыптап тексереміз, – дейді Қарағанды филиалының зертхана менеджері Қазыбек Зікрин.

Мысалы, «Сейфуллин-Өспен-Ақадыр» арасында төселген небәрі 15 шақырым асфальттан 18 ақау табылды. Бірақ, бүгінгі мердігер «Қарағанды жол құрылысы» ЖШС 15 ақауды жөндеген жоқ.

зынан ақау табылды. Басым бөлігінде асфальттың ені, қалыңдығы кем шығады. Әкімдіктерге, мердігерлерге хат жазылды. Алайда, көпшілігі тырс етіп ұн қатпаған. Салдарынан әлі күнге дейін көрсетілген кемшіліктің 90 пайызы жойылмады.

Мысалы, «Сейфуллин-Өспен-Ақадыр» арасында төселген небәрі 15 шақырым асфальттан 18 ақау табылды. Бірақ, бүгінгі мердігер «Қарағанды жол құрылысы» ЖШС 15 ақауды жөндеген жоқ.

келгенде 3,5-3,9 сантиметр екені белгілі болды.

Қарағандыдағы қалыңдығы 5 сантиметр болуы шарт Сейфуллин көшесіндегі асфальттың 1,5 сантиметрін «Улар МК» «жеп қойды».

Жұқа асфальттар туралы мысалды көптеп келтіруге болады. Әрине, филиалдың жазған хатынан қазанның құлағын ұстап отырғандардың қылшығы да қисаймағаны анық. Ал, көрешекті көретін халық.

Биыл да жағдай мәз емес

Филиал ұсынған мәліметке сүйенсек, биыл облыстағы жолдарға 42 млрд. теңге қаржы бөлінбек. Бұл қаржыға жасалатын жолдардағы жұмысты қадағалау үшін 433,7 млн. теңгеге келісімшарт түзілгені қажет. Қазір сараптау, тексеру жұмысының маңызын, тәртібін қаузаған іс-шаралар жүргізілуде. Жер-жерде арнайы семинарлар да ұйымдастырылуда. Дегенмен, жергілікті атқарушы билік өкілдері тағы да енжарлық танытып отыр. Филиал директорының ойынша, тіпті, бұл соманың жартысына да қол жетпеуі мүмкін. Әкімдіктер қырық сылтау айтып, қашқақтап жүр.

Мысалы, ең қомақты тапсырысты (15,6 млрд. теңге) ұсынып отырған облыстың автомобиль жолдары және жолаушылар көлігі басқармасы тек 20 млн. теңгеге келісімшартқа қол қойды. Ал, міндетті сома – 89,7 млн. теңге. Демек, басқарма тапсырыс берген жолдардың дені тиісті сараптамадан өтпейді деп тұжырымдауға болады.

Ата Заңда жазылғандай, мемлекеттің басты байлығы – адам. Сапалы жол – адам аманлығының кепілі. Айта кетейік, биыл облыста 734 шақырым жол жөнделді. Оның ішінде, облыстық маңызды 317 шақырым жол бар. Жауапты мекемелер кісі аманлығын ойласа, сол құрылыстардағы бақылауды күшейтуі керек-ті...

Суреттер «Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» РМК сайтынан алынды

• БІЛІМ

Педагог білімі бағаланбақ

2023 жылғы 27 наурыздан бастап педагогтердің білімін бағалауға (бұрынғы атауы – Ұлттық біліктілік тестілеу) өтініш қабылдау басталды. Өтініштер Ұлттық тестілеу орталығының сайтында қабылданады. Тестілеу 3-22 сәуір аралығында өтеді. Бұл туралы ҰТО-ның баспасөз қызметі хабарлады.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тестілеуге мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері, әдіскерлер, қосымша білім беру ұйымдары мен мектеп мұғалімдері, білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің басшылары, колледж педагогтері, сонымен қоса, педагогикалық бағыттар бойынша ЖОО мен колледж түлектері, педагогикалық бағыттар бойынша техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, тәжірибесі жоқ кандидаттар қатыса алады.

Еске салайық, педагогтердің білімін бағалау – педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейін айқындау үшін өтеді. Тест сынақтары білім беру саласындағы уәкілетті орган әзірлейді.

Айта кетейік, тест 50 тапсырмадан тұрады: «Пәндік білім» бойынша – 30 тапсырма; «Оқыту әдістемесі» бойынша – 20 тапсырма.

Тестілеу кезінде қатысушыларға бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар және бір дұрыс жауабы бар мәнмәтіндік тапсырмалар беріледі.

Тест тапсыруға 90 минут уақыт беріледі. Ал «Математика», «Физика», «Химия», «Информатика» пәндері үшін тест 125 минутқа созылады.

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Театрдағы түн

Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрында Дүниежүзілік театр күніне арналған «Театрдағы түн» мерекелік шарасы өтті. Облыс әкімінің орынбасары Ербол Әліқұловтың қатысуымен өткен жиынға аймақтың іргелі төрт театрының қызметкерлері қатысып, арасынан жиырма үш түрлі аталым бойынша марапатталды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Театр майталмандарын, қызметкерлерін айтулы мерекемен құттықтаймын, шығармашылық табыс тілеймін. Арқа өнері, оның ішінде театр өнері елімізде жетекші орында десем, артық емес. Жұмыстан шаршасақ, өнерді ансасак театрга келеміз. Сәкен театры мен Станиславский театры 100 жылдыққа желкенін керсе, Қарағанды музыкалық комедия театры биыл 50 жылдығын тойлайды. Бұл салаға билік тарапынан қолдау бар, ол алдағы уақытта да жалғасады. Берері мол қойылымдар жиі қойылып, залдың көрерменге толы болуына тілектеспін, – деді Ербол Шымкентбайұлы.

«Жылдың үздік режиссері» болып, С.Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрының көркемдік жетекшісі Айдын Салбан танылды.

– С.Сейфуллин атындағы театрга келгеніме екі жыл болды. Осы уақыт аралығында он екі спектакль қойдым. Жұмысымның жоғары бағаланғанына қуаныштымын. Мұнымен тоқтамай, табанды жұмыс істеп, көрерменді қуантуға күш саламын, – деді Айдын Абзалбекұлы.

Ал, К.Станиславский атындағы облыстық академиялық орыс драма театрының директоры Дунай Еспаев Театр күні – театр әртістерінің ғана емес, сахна артында жұмыс істейтіндер мен көрермендердің ортақ мерекесі екенін атады.

«Жылдың үздік әртісі» аталымы Сәкен театрының актері Айдос Нұрмағамбетов пен Музыкалық комедия театрының биік қуыршақтар әртісі Аружан Байдулдинаға бұйырды. Айдосты Әлихан Бөкейхан



ролімен ел жақсы таниды. Қарағандыға келгеніне көп болмаса да, ауқымды қойылымдарда басты рольдерді шебер сомдап, актерлік, әншілік талантымен талайды таң қалдырып үлгерді.

– Негізі, балет әртісімін. Алты жыл бұрын биік қуыршақ студиясына келіп, содан бері осында жұмыс істеймін. Кішкентай көрермендерімізге қуаныш сыйлағанды ұнатамын. Бұл – күтпеген сыйлық және бірінші рет осындай құрметке ие болдым, – деп бөлісті Аружан Байдулдина.

Спорттағы және театрдағы жетістіктері үшін медаль мен ақшалай сертификатты Сәкен театрының тағы бір белді әртісі Бауыржан Нұрмағамбетов алды. Ол жуырда қазақ күресінен Астанада өткен республикалық «Театр барысы» жарысында II орынға ие болған еді.

Сықырлы театр түні өнер қарашаңырағының фойесінен басталды.

Онда бутафория көрмесі ұйымдастырылып, көрермен назарына ұсынылды. Тігін цехы көрермендерді спектакльге киім дайындау жұмысымен таныстырды. Көрермен де актерлердің костюмдерін киіп, суретке түсті, гримерлер қонақтарға макияж жасауды үйретті.

Кіші залда жұрт актерлік шеберлік сабағына қатысып, осы саланың қыр-сырына бойлады.

Театрдың екінші қабатында «Ауыл кеші көңілді» алаңы жұмыс істеп, мұнда әртістер әр түрлі аспаптардың сүйемелдеуімен танымал әндерді шырақтанды. Бұдан бөлек, қонақтар театр мұражайының экспозициясымен танысты.

«Театрдағы түн» акциясы «Бақыт қайда...» атты әлемдік мюзиклдерден құралған спектакльмен аяқталды. Әлемдік драматургияның жауар туындыларынан құралған қойылым көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

• БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫНА – 355 ЖЫЛ

Мейірім мен ізгілік жаршысы

«XVIII ғасыр энциклопедиясы» деп кешегі Сәбит Мұқанов айтқандай Бұқар жырау мұрасы қазақтың темірқазығына айналды десек артық емес. Көп аузында «Көмекші әулие» атанған баба мұрасын жалғаушы жас ұрпақтың қарасы көбеюде қазір. Сарыжайлау кинотеатрында өткен Бұқар жырау Қалқаманұлының туғанына 355 жыл толуына арналған «Халыққа мейірім мен ізгілік идеяларын жеткізші данышпан» атты музыкалық-поэтикалық кеш хәм суретшілер қиялынан туған қос картина соған куә.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шара шымылдығы ұлы ойшыл, данышпан және саяси қайраткердің өмірі мен шығармашылық қызметі хақында түсірілген бейнефильммен түрілді. Ал, бұдан соң Бұқар жыраудың жалынды жырларын жаттаған жас өрендер сахнаға шықты. Олар бабаның «Қалмаса қайнар азайып», «Кәрілік шіркін не қылмас», «Тілек», «Абылай ханның асында» сынды патриоттық жырларын оқыды.

Шараның тағы бір ұтымды тұсы – сахна төріне қойылған Бұқар бабаның қос картинасы. Аталған картиналар жәй ғана салынбаған.

– Бірінші картина бұл Қазақстанға танымал белгілі суретші Айбек Бегалиннің жұмысы. Бұл картинада Бұқар бабаның бас киімі ерекше

берілген. Бас киім «мұрақ» деп аталады. Ол кезінде ер адамның абырой деңгейі, атақ-даңқы мен мансабы басындағы қалпағына қарай анықталатын болған. Бұндай төртбұрышты айыр «мұрақты» тек ханға жақын саяси қайраткерлер ғана киген. Сонымен бірге «мұрақ» қазақлықтың нышаны іспеттес. Ал, одан кейін Бұқар жыраудың көзіне назар салсаңыздар, көзі өте өткір әрі сұсты. Ат жақты, қою қаба сақалы омырауын жауып тұр. Ол даналық пен парасатынан хабар беретіндей. Артқы фоннан көзге сол кезеңнің қиын болғандығы бірден көрінеді. Ат аяғы мен сермелген қылыш көлеңкесі бейнеленген, – деп жіктелі картинаны облыстық бейнелеу өнері мұражайының ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің жетекшісі Мейрамгүл Елубаева.

Расында, картиналар шараға өзіндік әсер беріп тұрды деседі көрермендер. Маманның айтуынша, бұл суреттер түпнұсқа.

Екінші картина да маман сөзіне сүйене отырылып таныстырылды. Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Манатбек Аманбаев салған сурет «Линогравюра» техникасында бейнеленген.

Бір кездері Қарағандыда жұмыс жасаған суретші бұл күнде Астанада шеберлігін шыңдауда. Маманның айтуынша, мұндай күрделі жұмыс қазақ бейнелеу өнеріне әлі сіңе қойған жоқ.

Десек те, суретші шеберлігі бұған қаратсын ба?

Сонымен бұл суретте қолына домбырасы мен тәсіпін ұстаған Бұқар жырау, артқы фонда Абылай хан мен батыры бейнеленген. Баба қолындағы домбыра оның өнер, жыр жанашыры екенін айтса, тәсіп иман байлығын, дінге деген ерекше ықыласын сөз етеді. Абылай хан бейнесінде ханға тән айбар мен өрлік көрінеді. Тіпті, аспанды торлаған қара бұлт пен қиялаған қыранның өзі қанша сырды баян етіп тұр десенші?!

• БАЙҚАУ

Әжелер өнегесі – ұрпаққа аманат

Ақтоғай ауданында жас ұрпақты ата-баба дәстүрімен тәрбиелеу, әже тәрбиесі мен өнегесін үлгі ету мақсатында «Өнерім – өмірім» атты әжелер байқауы өтті. Ақтоғай мәдени-сауық орталығының ұйымдастыруымен өткен шараға өз аймағында үздік шыққан жеті әже қатысты.

Нұрлос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сайысқа сайланып келген қатысушылар ережеге сай өнерлерін көрсетіп, түрлі сындардан өтті. Байқау барысында ақжұлықтылар ұмыт бола бастаған дәстүрлерді сахналап, қазылардың сұрақтарына жауап беріп, баланы кішіпейілділікке, қарт адамдарды құрметтеуге үйретуді үнемі. Өмірден түйген өнегесі мен өнерлерін ортаға салды. Жеті бала тәрбиелеп, ұлды ұяға, қызды қияға қондырған ардақты әже Батила Қарынбай ұйымдастырушыларға алғысын жеткізді.

– Әженің әлдімен өскен ұрпақтың алар тәрбиесі мол. Үлкендер салған өнегелі жолды көрсету біздің асыл парызымыз деп білемін. Бүгінгі игі шараны ұйымдастырушыларға дән ризамын. Біздің ұмыт бола бастаған дәстүріміз жетерлік. Және дәстүрлі өнеріміз де кенжелеп қалды. Осы тұрғыдан саралай қарасақ, қариялардың айтқаны



асыл екенін, әрі олардың өнегесін күнделікті өмірде пайдалану қажеттігін байқау көрсетіп берді, – дейді Батила әже.

Байқау қорытындысы бойынша, Бас жүлде Қызыларай ауылынан сыңға түскен әже Ләззат Ақылбековаға бұйырды. I орынды Қуасқалды ауылының әжесі Қарлыға Есімжанова иеленсе, II орынды Торанғалық

ауылының әжесі Батила Қарынбай мен Шашубай кентінен қатысқан әже Бақытқұл Нарымбекова еншіледі. III орынды Қуаныш ауылының әжесі Балкен Сейтқасова, Ша-

банбай би ауылының әжесі Қорлан Құлмыжанова, Үшарал ауылының әжесі Айтқұл Бұхарбекова қанжығалады.

Барлық қатысушыларға арнайы дипломдар мен бағалы сыйлықтар табысталды.

Ақтоғай ауданы

• КӨРМЕ

Әлем – балалар шығармасында

Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейі мен №1 балалар өнер мектебі – ЮНЕСКО клубы арасында біраз уақыттан бері шығармашылық әріптестік орнаған. 29 наурызда қалалық білім бөлімінің қолдауымен аталған музейде өнер мектебі оқушыларының шығармашылық есен беру көрмесін ашты. Экспозицияға 400-ге жуық композиция, пленэрлік жұмыс, эскиз, картина, сурет, мүсін, сәндік қолданбалы бұйымдар қойылды. Көрмеге қойылған туындылардан шынайылық пен тазалық, мейірім мен жылылық лебі еседі. «Әлем балалар көзімен» деп аталған көрме 9 сәуірге дейін жалғасады.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көрменің ашылу салтанатында №1 балалар өнер мектебі – ЮНЕСКО клубының вокал, қазақ және орыс халық аспаптары, оркестр және хореография бөлімдерінің оқушылары өнер көрсетті.

Басты мақсат – оқушылардың рухани-адамгершілік әлеуетін дамытып, шығармашылықты кеңінен насихаттау, оқушылардың ынтықсыз ойып, бейнелеу өнері саласындағы дарынды балаларды анықтау әрі оқушының қоғамда танылуына жағдай жасау.

– Бұл – біздің он алтыншы көрмесіміз. 47 жылдық тарихы бар №1 балалар өнер мектебі талай

шәкірттердің шығармашылығын шыңдап келеді. Қаладағы 7 мектеппен келісімшартқа отырып, филиалдар аштық. Мектепте әртүрлі бағыт бойынша 3 жастан 17 жасқа дейінгі балалар оқиды. Бейнелеу өнері бөлімінде оқитын 386 оқушының бүгінгі көрмеде өз қолымен салған суреттері, мүсін, колорер бұйымдары қойылды. Арасында дипломдық жұмыстар да бар. Балалар қоршаған ортаны қалай қабылдайды, нені көреді, нені түйсініп, сезінеді? Міне, осыны оқушылар өнер туындысына арқау етті, – деді №1 балалар өнер мектебі – ЮНЕСКО клубының директоры Салтанат Елешова.

Өнер мектебінің оқушылары талай дүбірлі додада оза шауып келеді. Жуық арада Ташкентте өткен

халықаралық байқауға 5 номинация бойынша қатысқан оқушылардың баршасы Гранпри иеленіпті.

Көрмеге №2 оқушылар сарайының директоры Шариза Алтынбекова келді.



– №2 оқушылар сарайында өнер мектебі оқушыларының салған суреттері ілініп тұр. Қосымша білім беру саласында осы мектептің алатын орны өте үлкен. Өйткені, оқушылары қашан да биіктерден

көрінеді, жетістіктері де орасан. Туындылары әлемнің сұлулығын паш етеді. Мектеп ұжымына өнерлеріңіз үстей берсін дегім келеді, – деп тілек білдірді.

Жас суретшілер қатарында 8 жастағы Манап Асылдай да бар. Ол гуашпен дельфиннің суретін салыпты. Өнер мектебіне 2-сыныптан бастап қатысады екен. Анасы Кәмшат Шотыбасова қызының қа-



білетін байқап, осы өнер мектебіне беріпті.

– Бейнелеу өнері көрмесіне келген ата-аналар, баршаңыз балаларымыздың салған суретін көріп, тамсанып жатырмыз. Барлық балада өнер бар деп ойлаймын. Оны шыңдауда ұстаздардың еңбегі ерен. Қызым сурет салғанды жақсы көреді. Әлі кішкентай болғанымен, қазір суреттерді жақсы салып жүр. Бұл әрине, жетекшілерінің арқасы, – деді ата-ана Кәмшат Шотыбасова.


Өнер қиял мен шабыттан туады. Көрмеге қойылған туындыларда түрлі тақырыптар қамтылған: туған жер, табиғат, отбасы, салт-дәстүр,

тарих, ертегі кейіпкерлері, бұйымдар, натюрморт, портреттер, т.б. Тіпті, мүсін де табылды.

№1 балалар өнер мектебінің оқушысы Нұрасыл Мұхамеджан көрмеге өзі жасаған Абай Құнанбайұлының мүсінін әкеліпті.

– Мүсінді жасауға 2 ай уақыт кетті. Осындай көлемді мүсінді алғаш жасауым. Бұған дейінгі көрмелерде салған суреттерім қойылды. Биыл мектеп бітіремін, болашақта мүсінші болғым келеді, – деді Нұрасыл Мұхамеджан.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Қарағанды ҚАҚПАНЫ

Қақпан құрған Жәлел ШАЛҚАР

● ЖАТЫПАТАР

Шүкірбек



Баға өсіп жатса, «Шүкір!» дейді. Токтамай тағы өсіп жатса, Онда да «Шүкір!» дейді. Ауылда үй қалмай, Бәрі көшіп жатса, «Шүкір!» дейді. Жарығы жанбай, Өшіп жатса, «Шүкір!» дейді. Дәрігерге қарала алмай, Кезегін айлап тосып, Қиындық кешіп жатса, «Шүкір!» дейді. Демала алмай тұншығып, Қалаңды көк түтін басып жатса «Шүкір!» дейді. «Күл» болмаса, «бұл» болсын, Жанып кетсін бүкілі мейлі. Жайбарақат «Шүкір!» дейді.


Бекәділ СЕМҚҰЛ

● ЭПИГРАММА

Маралтай Райымбекұлына

«Кентавр» деп шығарды ақын бір кітап. Оқырманға сол кітаппен сыр ашып. «Тарпаң» деген шығарды ақын бір кітап. Шыға келді күллі жұртқа ұнасып. «Асау» деген шығарды ақын бір кітап, Жазғандары келешекпен ұласып. Асау жайлы жазған сайын алайда, Асыл ағам бара жатыр жуасып.

Олжас ҚАСЫМ



● БҮГІНГІ САТИРА

«Е» (әзіл зәй)



Төрт дос, төрт құрлас жастау кезінде бір-бірі іздеп тұратын. Жылдар өтіп, бірге отыратын күндер сиреп кетті. Жастары қырықты алқымдап қалса да бірі ауылда, бірі қалада «арман қуып» жүр.

Ауылдағы Айтшу көптен көрмеген достарын үйіне шақырды. Олар келгенше қой сойып, жәукемдеп те тастады.


Айтпақшы, оны елдің бәрі таңнан кешке дейін, екі сиыр, төрт қойынның соңынан «Әйт-шу» деп жүргеннен осылай атап кеткен. Шын атын өзі де ұмытқан шығар, ауыл жастары қазір «Айтеке», «Айтаға» дейді.

Қаладан артынып-тартынған ештенесі жоқ, көлік жалдап, сау етіп, дәу әрі ырсылдақ Бопыш, тыныш жүрмейтін Қотыш, депутат Сәкіш жетіп келді (бұлардың да шын аты-жөні құжатта ғана).

Бір қызығы төртеуі де әлеуметтік желінің «үлі». Желініп отырған Айтшу: «Дауай, фейсбукке «Е» деп жазайық, ел не дейді білейік» деген ұсынысты ортаға атып жіберді.

Айтқаны жерде қалған жоқ. Бірінші болып Айтшу «Е» деп жаза салды. Лайық басқандар саны үшеу,

Интернетте бәрі бар



жатады. Тойшыл қауым аяқ астына қарасын ба?

Музейдің де жұмысы жолға қойылды. Жаңа басшы Бақабай бөлем бәле екен. Бірінші қабатын толық босатып, қой-ешкі қозы-лағымен, ит-мысық күшіктерімен, қаз-үйрек, тауық балапандарымен қоса жіберілді. Бұл жерде саяси кәте кетіп қала жаздады. Сондықтан, бірер шошқаны торайларымен қосуға тура келді. Негізгі мақсат – қала мен даланың тірлігін жақындастыру. Жаңа бастаманың нәтижесінде билет бес есе қымбаттап, келушілер он есе өсті.

Айта кету керек, жалпы қызметкерлердің өңі кіріп қалды. Біразының беттерінен бит домалайды. Өзім 70 келі едім, 140 болдым. Режиссер әйелім 200 кг тартады. Менің бетіме келген біреу-міреу болса, бір-ақ ұрып, орнында қалдырады.

Жақында телеарна мен газеттерді, архив пен поштаны құла-жек-жәттарымызға ойдағыдай сатып жібердік. Интернетте бәрі бар. Бұларды қайтеміз, масыл қып. Орнына қонақ үйлер аштық. Қаланың болмашы бюджетіне қол жая беруге болмайды ғой. Сонымен, мен баска-

ратын сала жалақыдан бас тарттық. Бірден қапқа саламын да, көкеме апарып тастаймын. Ол төбемнен ііскеп, құйрығымын бір-ақ тебеді. Жақсы көргені ғой...

Енді тілді қолға аламыз. Отыз жыл бойы оқымыстылар елді қажытып бітті. Оңғарбай жиенді осы мәселені зерттеп келу үшін Ресейге жібердім. Көпұлтты көршіміз қандай кеңес береді екен?

Жалпы, қызметті дұрыс ұйымдастыра білу керек. Жылай бергеннен тұқ шықпайды...

Айтпақшы, өзім де өнерге бет бұрдым. Фонограммалармен ән айтып жүрмін. Дауыс түкке керек жоқ екен. Екі иғынды жұлып жеп, сахнадан құлап кетпей жүгіріп жүрсен болды. Көрермен қолда. Бүкіл оқушыларды мұғалімдерімен, ата-аналарымен қоса айдапты әкелеміз.

...Кәсертің алдында көкем келтіп, құйрығымын бір емес екі рет тегіп. Төбемнен ұзақ ііскеді. Оған қарағанда, жақында бір атақ алатын шығармын...

Базарбай ӘЛЕУХАНҰЛЫ

● КҮЛКІ КОРИФЕЙЛЕРІ...

«Көлігің көлік-ақ екен!..»



«Ара» журналында жұмыс істеп жүргенде «Нива» деген жеңіл көлік алдым, – дейді тағы бір естеліктің шетін шығарған Көпен аға.

Тұңғыш «тұлпарым» ғой, дос-жаранға көрсетіп, мақтатып, мээ боп қалдым. Бірде жұмыстан қайтар кезде Садықбек Адамбеков ақсақалды үйіне жеткізіп тастамақ болдым. Бір жағы, о кісіге де көлік алғанды білдіріп қоймақпын. «Нива» дегеннің бір қолдайсыздау жері – арт жағында есік жоқ. Әуелі алдыңғы есігін ашып, ол орындықты алға ысыра «енкейтіп», адамды артқа өткізіп

жібересің. Түсер кезде де алдымен есікті ашып, алдыңғы орындықтың арқалығын жығып ба-

рып, арттағы кісіні жетектеп алып шығасын. Садықбек көкемді де сөйттім. Үйінің алдына әкеліп, түсірген соң:

– Көке, ініңіздің көлігі қалай екен? – дедім өрекіп.

Сонда ол кісінің:

– Көкеңді құйрығынан теуіп кіргізіп, сақалынан сүйреп шығарғаның болмаса, көлігің көлік-ақ екен! – деді...

Аманат

Кезінде тайлы-тұяғы қалмай дауыс беріп құрмет көрсеткен депутаттарының өзге депутаттар сияқты мәселе көтеріп сөйлемегеніне күйінген сайлаушылары «айналайын-ау, тым болмаса теледидардан бір көрінсеңші» деп хат жолдапты. Содан ол қатты толқынған екен. Өзін қолдаушылардың аманатын орындайын деп бірнеше күн дайындала-

ды да, бір отырыста төрағадан сөз сұрап сөйлейді:

«Құрметті сайлаушыларым! Хаттарыңызды алдым. Дәл қазір мені теледидар экранынан көріп отырған боларсыздар. Егер көрмей қалғандар болса көргендер айтар деген үміттемін. Сау болыңыздар!» – дейді.



Пенде

Жұрт қаумалап ортаға алған жалғыз кітаптың авторына қызыға да қызана қараған 10 кітаптың авторы «Апырым-ай, осы жұрт мені білер ме екен, жоқ па екен?» деген ойға қалды.

Қызық

Күн шықты. Жұрт мээ. Жарқырап төбеге көтерілді. Ешкім елең етпеді. Батып бара жатыр. Барша ел қимай тұр.

Үш түрлі ән

Тәй-тәй басқан үшеу келе жатыр. Ел кішісіне сүйіне, ортаншыға күйіне, үлкеніне мүсіркей қарасты.

Журналист пен қасқыр

Журналист пен қасқырды бір-біріне қатты ұқсатамын. Оларды аяқтары асырайды. Қазактың «жүргенге жөргем ілінер» деген макалы журналистің де, қасқырдың да өмірлік басты қағидасы. Қасқыр қой андиды, журналист ой андиды. Екеуі де жемтіктеріне жету жолында бастарын қатерге тігеді.

Мартбек ТОҚМЫРЗА

● ӘКЕМНІҢ АЙТҚАНДАРЫ



«Қасқыр, қасқыр, кә-кә!»

Ертеде Жәмбек деген туысқанымыз болыпты. Өте ақкөңіл, аңқау адам болған ғой. Ағасы Жәңкейдің шамалы малы, аздап қойы болған екен. Түнге қарай қойларын күзетеді. Сонда ағасы Жәңкей інісіне: «Далаға шық, қой күзет! Айқайла» дейді ғой.

Содан қайта-қайта айтып, маза бермеген соң ызаланады да, сыртқа шыға салып:

– Қасқыр, қасқыр, кә, кә! Жәңкейдің қойын же!» – деп айқайлайды екен.

«Әсіп қайда?»

– Түйе сойған күні Шаңырақбай ағасының үйіне қыдырып барса, есіктің алдындағы қазанда әсіп пісіп жатады. Оны шақыра қоймаған болуы керек. Бұл болса, білте шамның жарығымен әсіпті қазаннан өзі түсіріп алып: «Әсібі бар болғырдың ыстығын-ай, бетім күйіп қалды-ау», – деп бір боқтайдды да (бетіне май шашырап кеткен ғой), ала қашады.

Біраздан соң жеңгесі әсіпті түсірейін деп келсе, қазан бос тұр дейді. Барлығы іздеуге шығады ғой. Сөйтсе, қораның арғы жағында айдың жарығымен иттің құйрығын бұлғандатып тұрғанын көріп қалады. «Текке бұлғандатып тұрған жоқ қой» деп, ептеп барса, Шаңырақбай әсіпті жеп тұр дейді. Жанындағы ит оған қарап құйрығын бұлғандатып тұр екен.

«Жамбасты ала қашты»

Көп адам бір үйде түстеніп отырады ғой. Ішінде ауылдағы Токбергненің үлкені Төлеген бар. Далада ойнап жүрген бала-ларға қонақтардың бірі жамбасты шала тұрап: «Ей, мына терезені кім сындырса – сол алады, соған беремін», – деп терезеден көрсетіпті.

Сол кезде Мұқанбек келеді де, терезені шынысын бір қойып сындырып, жамбасты ала қашыпты.

Ауылда Әуесхан дегенді мазақ қылатын: «Нағашың Мұқанбек қой» деп.

«Алаңдап жұмыс істей алмаймын»

Зәйміл деген тағы бір ағамыз болды. Бұл сонау өткен ғасырдың басы, жоқшылық кез болса керек. Ол кісі шөп шабуға барғанда сусынға әкелген айран, шалап бірденесі болса, жұмысын бастамай тұрып ішіп алады дейді.

Жанындағылар:

– Ей, Зәйміл, соңыра демалуға отырамыз ғой, сол кезде ішпейсің бе? – десе, ол сонда:

– Жоқ, алаңдап жұмыс істей алмаймын, – дейді екен.

Жазып алған Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ



● ДЕГЕН ЕКЕН...

«Соны ішеді дей ме, осы?..»

Ақтоғайлық ақын Қайрат Иманбектің топтама өлеңдері Қазақ радиосынан оқылады. Ауылда шөп шауып жүрген бір сыныптас досы Қайратты танып, әкесіне айтса, «Алматыда Қайраттың өлеңдері қайдан жүр?» деп әкесі сенбей қойыпты.

Өлең оқылып болған соң, жүргізуші «тыңдағандарыңыз ақтоғайлық жас ақын Қайрат Иманбектің өлеңдері» дегенде, кластасы әкесіне: «Айттым ғой, біздің Қайрат» депті.

Сонда әкесі: «Әй, соны ішеді дей ме, осы?» деген екен...

Жазып алған Жәлел ШАЛҚАР



Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

• КЕЗДЕСУ

Ерлік елдікке бастайды

№1 жасөспірімдерге қызмет көрсету кітапхана филиалында Мартбек Мамыраевтың туғанына 115 жыл толуына орай «Батырды еске алу» атты кездесу өтті. Іс-шараға Жақып Ақбаев, Юрий Павлов және Жұмабек Тәшенов атындағы мектептердің оқушылары қатысты. Шараның құрметті қонағы Клара Мартбекқызы әкесі туралы естеліктерімен бөлісті.

Ұйымдастырушылар оқушыларға Мартбек Мамыраевтың өмірі мен ерлігі туралы айтып берді. Мартбек Мамыраев – 32-ші гвардиялық атқыштар полкінің пулемет есебінің командирі, гвардия сержанты. 12-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының, Орталық майданның 61-ші армиясының құрамында соғысқан.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1944 жылғы 15 қаңтардағы Жарлығымен соғыста көрсеткен ерлігі үшін Мартбек Мамыраевка Ленин ордені мен «Алтын Жұлдыз» медалі, Кеңес Одағының Батыры атағы берілген.

1992 жылы батырдың ескерткіші орнатылып, туған ауылы

оның есімімен атала бастады. 2008 жылы батырдың туғанына 100 жыл толуына орай Қарағандыда Мартбек Мамыраев атындағы Аллея салынды.

Клара Мартбекқызы оқушылардың сұрағына жауап берді. Жақып Ақбаев атындағы мектеп оқушылары «Кестелі орамал» қойылымын көрсетті. Юрий Павлов атындағы мектептің оқушылары «Қазақстан – жарқын әлем!» әнін орындады.

Гүлмаржан БОЛАТҚЫЗЫ,
№1 жасөспірімдерге қызмет көрсету филиалының меңгерушісі

• БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

Әншілікке қадам басқан балдырған

Қарқаралы ауданының тұрғындары республикалық, облыстық, аудандық байқаулардың жеңімпазы атанып жүрген Бүркітті ауылынан шыққан талантты рухты қызымыз Аружан Есейді мақтан тұтамыз.

Аружан Ақылбекқызы 2008 жылы 29 тамызда дүниеге келген. 4 жасында ән айту шеберлігімен аудандық «Әнші балапан» байқауының бас жүлдесін жеңіп алды.

2017 жылы «Рух байқауы», 2019 жылы «Алые паруса», 2019 жылы «Бала дауысы», 2020 жылы «Жалынды жұлдыз жарқыра», 2021 жылы республикалық «Жарық жұл-

тепішілік, халықаралық олимпиадаларға, сонымен бірге дойбы жарыстарында да көп жетістікке жетіп жүр.

Ұстаздар үшін шәкіртіне сіңірген ерен еңбектің жемісін көру бір мәртебе. Аружанның ұстазы Тауекел Қанапияұлы мен Алмагүл Арыстанбекқызының ерен еңбектері еш кеткен жоқ. Өнер баспалдағына шығуға ықпал еткен анасы Перизат Мұқатайқызы да бауыр еті баласының талантын ұштау жолындағы игі істерінің нәтижесін көруде.

Өнер майталмандары Майра Илиясова, Гүлбаршын Тергеубекова



дыз» байқауында Қ.Аманжолов, А.Құнанбаевтың әндерін орындап бас жүлдені жеңіп алған. Жас болса да жетістіктерімен жерлестерін қуанып жүрген Аружан «өз өмірімді өнермен байланыстырып, осы жолда үлкен шығармашылық жетістікке жеткім келеді» дейді.

Білім мен өнерді бірге ұштастырып жүрген талантты қыз мек-

ұйымдастырған додаларға қатысса, өнер жұлдыздары Мадина Сәдуақасова, Айжан Нұрмағанбетовалармен бірге ән айтты.

Бақтыгүл БЕКБАУОВА,
мәдени ұйымдастырушы

Қарқаралы ауданы

• ТАНЫМ

Балалар Қарлағ-қабарды

Өткенді білу – бүгінгі ұрпаққа парыз. Қарағанды аумағындағы «Қарлағ» мұражайына Мұрагер мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының оқушылары барып, тарихта болған оқиға туралы көп мәлімет алды.



8-сынып оқушыларына кураторлары Маржан Мукушева, Берік Қабылсейіт және мұғалім Бақытгүл Гайнулина жетекшілік етті. Мұражай ішіндегі бөлмелердің арасы ауыр, мүсін бейнелері өте мұнды. Зиялы қауымның аянышты тағдырын, олардың туған-туыстарына жасалған зорлық-зомбылықты, солақай саясаттың үстемдігін сезінген балалар тарихты тереңірек ұғынды.

Бұл экскурсияның оқушылар үшін мәні зор. Балаларды үлкен өмірге дайындауға, келешекте ғылыми жоба қорғауына, шығармашылығын дамытуына

керек. Олар құнды да маңызды мағлұматтарға қанықты. Кездесу соңында оқушылар мұражайды көргеннен кейінгі әсерімен бөлісті. Осындай тарихи орынға апарып, жас ұрпаққа тарихты ұғындыру және сезіндіру өте маңызды іс екені анық.

Қыдырәлі БЕГУЛИН,
«Мұрагер» ММЛП-дің
Алғашқы әскери дайындық және дене шынықтыру пәні мұғалімі

Жаңалықтан құр қалмаңыз!
«ОРТАЛЫҚТЫ» САЙТАН ДА ОҚЫҢЫЗ
www.ortalyq.kz

• АЙБЫН

Әскерилер доп тепті

Батальондар арасында 6505 әскери бөлім командирінің шағын футболдан кубогы сарапқа салынды. Додаға бөлімнің келісімшарт бойынша әскери қызметшілері мен офицерлер құрамалары қатысты.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қатысқан әр команда барын салып, өнер көрсетті. Жарыс қорытындысында жүлделі орындар мен жеңген сыйлықтар табысталды. Жеңімпаз командалар мен үздік ойыншылар бөлім командирінің атынан сыйлық алды.

Атап айтсақ, I орынға I атқыштар батальоны ие болса, жүлделі II орынға 4-ші атқыштар батальоны жайғасты. Ал, III орын 2-ші атқыштар батальонына бұйырды.

Командасының сұрмергені, аталған турнирдің үздік

ойыншысы ретінде танылған 4-ші атқыштар батальонының әскери




қызметшісі, қатардағы жауынгер Нұрбек Жалғас танылды. Қақпа бағанасынан саңылау, таптырмаған үздік қақпашы аталымы 2-ші атқыштар батальонының әскери қызметшісі сержант Жансерік Айтқазинге берілді.

Ойын соңында 6505 әскери бөлім командирі полковник Бауыржан Барышев қатысушыларға өз алғысын білдіріп, батальондар арасында спорттық шаралардың алдағы уақытта тағы да ұйымдастырылатынын атап өтті.

— Еске алу —

Бұрынғы Қаздауысты Қазыбек би ауданының Егіндібұлақ селосында, қасиетті Балқантау байрағында дүниеге келген ардақты туыс, камқоршы аға, еліміздің оқу-ағарту ісінің үздігі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы, Төлеген Жұмашұлы **АРКОНОВТЫҢ** фәни тірліктен бақиға озғанына 40 күн болды.



Қарағанды қаласы педагогика институтының физика факультетін тәмамдаған соң алпыс жыл ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнаған ұлағатты ұстаз, шаңырағын шаттыққа бөлеп отырған ардақты әке, жеңгемізге адал жар, немерелеріне сүйікті ата, біздерге ақылшы, камқоршы аға, әке орнына әке еді.

Жоғары оқу орнында оқып жүргенде ұстаздары ағамыздың алғырлығын, білімге құштарлығын байқап, сол білім ордасына ғылыми жұмысқа шақырған еді. Алайда, өзінің ағасы, біздің әкеміздің бір ауыз сөзін жерге тастамай, туған жеріне келіп, ұстаздық жолын бастады.

1970 жылы Жұмаш ағамыздың бұрынғы ескі үйінің жанында әкеміз екеуі бірігіп екі пәтерлі зәулім үй салып, бір шатырдың астында отыз жылдан астам тұрды. Өзінің балаларымен қоса, ағасының да балаларын, яғни бізді оқуға жетелеп, Қарағанды қаласының жоғары білім оқу орындарына түсуге бағыт-бағдар бергені есімзде. Ағамыздың қоғам арасындағы беделі, қайраткерлігі, аудан экономикасы мен білім саласына қосқан зор үлесін мақтанышып айта аламыз. Ол кісінің түрлі жиындарда суырылып алға шығып көш бастап, сөз сөйлеуінің өзі бір мәртебе болатын. От ауызды, орақ тілді, қара қылды қақ жарған деп осындай тілге шешен адамдарды айтады.

Егіндібұлақ ауданында кезінде аудандық білім бөлімін 18 жыл басқарып, ұстаздардың ұстазы болған ағамыз, 2001 жылы Қарағанды қаласына көшіп келіп, жаңа үлгідегі №77 мектепке физика пәнінің мұғалімі болып, жұмысқа тұрып, жиырма жылдан астам уақыт жас ұрпаққа дәріс берді. Осы ұжымда ақылшы ардагер-ұстаз ретінде үлкен беделге ие болды.

Кеше ғана ортамызда жүрген ардақты ағамыздың бейнесі есіміден мәңгі кетпейді. Әкемізден айырылған кезде осы ағамыз арамызда жүре тұрса деп едік. Алланың ісіне не шара. Енді тек алдынан жарылқасын, нұры пейіште шалқасын деп дұға етеміз. Ағатай, біз сізді ұмытпаймыз! Еске алушылар: **ағасы Қайырқеш Арқоновтың балалары.** ®

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық кеңесі облыстық ардагерлер кеңесінің мүшесі Клара Бейімбетқызы Аймұрзінаға және отбасы мен жақындарына туған апасы, тыл еңбеккері

Роза БЕЙІМБЕТҚЫЗЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, шын ниетпен көңіл айтады.

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны:

43-21-55



Қарағанды облысы: ауа райы

	2 сәуір	3 сәуір	4 сәуір
Қарағанды қаласы	+9 -3	+14 0	+16 +1
Абай ауданы	+10 -4	+13 -1	+14 -1
Ақтоғай ауданы	+6 -6	+9 -3	+10 0
Бұқар жырау ауданы	+5 -6	+10 -2	+13 +1
Қарқаралы ауданы	+4 -7	+8 -4	+12 -3
Нұра ауданы	+9 -5	+13 -3	+15 -1
Осакаров ауданы	+8 -3	+13 +1	+14 +2
Шет ауданы	+7 -3	+11 0	+12 +1

Ақпарат <https://www.gismeteo.kz/> сайтынан алынды

Қарағанды Шинсервис ШИНАЛАР

Арнайы диллер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

• жеңіл автокөліктер үшін
• жеңіл жүк көліктері үшін
• тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
• арнайы техникалар үшін

БӘ АРҒАН ШИНАЛАР САТПАЙМЫЗ, БӘ АРҒАНДАУ БАҒАҒА САТАМЫЗ

Қарағанды қ., қойма: Асфальттық көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1
тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800



• БАЙҚАУ

Ақсұңқарын жатқа оқып Арқа өрені

Алаштың ақиық ақыны Серік Ақсұңқарұлының рухты, отты өлеңдерін жата жастана жаттап, мәнеріне келтіре оқу арқылы әдебиетке имене аяқ басқан, өлеңге құштар ұрпақтың легі өсіп келеді. Жыл сайын осы мезгілде ақынның туған күні қарсаңында өтетін, қара өлең салтанат құратын, ғибраты мол дәстүр бар. «Серік Ақсұңқарұлы оқулары» дәстүрлі байқауы мектеп қабырғасындағы өлеңге ынтық ұл-қыздың биыл да бағы мен бабын сынағанды. Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінде өткен байқауға Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы мұрындық болған екен.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақтағы білім ошақтарының 8, 9-сынып оқушылары өзара бәсекелестікке түскен жыр-сайысы үш бағытты қамтыды. Әуеліде өрендер ақын өлеңдерін жатқа оқыды. Келесі кезеңде жас ақындар өз шығармашылығын ұсынды. Бұдан соң ақын өлеңдеріне жазылған танымал әндер орындалды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, қатысуға ықылас танытқан баланың саны елуден асып жығылады екен.

Сайыстың шымылдығын Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы әдіскері Шолпан Жұмабаева ашып, Қарағанды жоғары гуманитарлық колледж директоры Есжан Әміров қатысушыларға сәттілік тіледі. Құрметті қонақ ретінде қатысқан ақиық ақын Серік Ақсұңқарұлы сахна төрінде өлеңін оқыды.

Сонымен, үш бағытта оза шапқан үздіктер анықталды. Атап айтқанда, «Аруы адамзаттың – өлең деген!» тақырыбындағы бағытта I орын М.Мәметова атындағы мектеп оқушысы Дилназ Шерімқұловаға бұйырды. II орынды Н.Әбдіров атындағы мектеп

оқырман қауым ғой қашанда. Оның ішінде жас буын оқырмандар жатқа айтқанда жан сарайын ашардай әсер қалдырады. Бұл үрдістің қазақ тілінің дамуына да үлесі айтарлықтай. Жыл сайынғы дәстүрге айналған жоба биыл да өз деңгейінде өтті деп пайымдаймыз, – дейді Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжіндегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы Ербұлан Мақатай.



тәлімгері Дана Хасенова иеленді. III орынды Абай атындағы мектеп-гимназияның оқушысы Шынасыл Амангелді жеңіп алды.

– Бүгінгі жас ұрпақтың қара өлеңге қызығушылығын тудыратын Серік аға сынды ірі тұлғалар. Ақын өлеңін танытатын да

Сонымен қатар, «Мен – нас сақтың қара өлеңі...» тақырыбындағы 2-бағыт бойынша Бұқар жырау ауданы, Ы.Алтынсарин атындағы мектептің оқушысы Нұрділет Базарбек I орын тұғырынан көрінді. II орынды Бұқар жырау ауданы А.Байтұрсынұлы

атындағы мектеп оқушысы Мәдина Жырымбай алды. III орынға Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназия оқушысы Әлібек Орынтай лайық деп танылды.

«Жүрекке жақын әндер» тақырыбындағы 3-бағытта I орын Бұқар жырау ауданы, Ы.Алтынсарин атындағы білім ошағының оқушысы Әділ Нұралыға, II орын Балқаш қаласы, С.Сейфуллин атындағы №7 мектеп-гимназияның оқушысы Гүлфайруз Орынбаеваға, III орын Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-гимназия оқушысы Нұрайлым Айбековаға табыстылды.

– Сайыс өте тартысты өтті дей аламыз. Оқушылардың осы бір талабын көріп өзіміздің өлеңге деген алғашқы ықыласымыз еске түсті. Жалпы қазақ поэзиясында ойып алар орны бар бірегей ақын Серік Ақсұңқарұлының өлеңін жатқа оқу – ол бүгінгі балаға міндеттей-ақ. Бұдан алар тағылым – баланың тілі сынады. Өлең өрлігін ұғады. Патриотизм қаусарымен сусындайды. Міне, бүгінгі жыр додасының негізгі көксеген мақсаты осы деп білемін, – дейді ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Қайрат Асқар.

Расында, қазақ әдебиеті тарихында Қазтуған, Доспамбет жыраулардан басталған, Махамбет, Мәди, Қасым ақындар жалғастырған азаматтық лириканың қазіргі сардар жырысы, Алаш арыстарының бүгінгі тұяғы, жыр әлемінде өзіндік қолтаңбасы бар ақын, публицист, аудармашы Серік Ақсұңқарұлының шығармаларын насихаттау, дарын иесіне құрмет көрсетуді мақсат тұтқан сайыс осылайша диттегеніне жеткендей.

• ФУТБОЛ

«Арсеналға» ауысты

22 жасар қарағандылық футболшы Дмитрий Бачек белоруссия футбол клубы «Арсеналға» ауысты.

Спортшы Қарағанды футбол мектебінің түлегі. Осы жақта жүріп-ақ ол ерекше көзге түсіп, талай жанкүйердің сүйікті спортшысына айналған. Ал, одан кейін Дмитрий Бразилиядағы «Крузейро» академиясында «Оле Бразил» бағдарламасы бойынша дәріс алды.

Сонымен қатар, спортшы 2019 жылы «Шахтер» клубында ойнаған.



• ПАНКРАТИОН

Олжалы оралды

Панкратионнан Шымкентте өткен Қазақстан Республикасының чемпионаты аяқталды. Аталған біріншіліктен қарағандылықтар бес алтын, төрт күміс, төрт қола алып олжалы оралды.

Панкратион, грэпплинг – Қазақстанда жақсы дамып келе жатқан және әлемде сұранысқа ие жекпе-жек түрі. Аталмыш спорттың Қазақстандағы Ұлттық федерациясы Қазақстан Республикасындағы Дүниежүзілік аралас жекпе-жек қауымдастығының (WMMMA) құзыретті өкілдігіне тіркелген.

Одан бөлек, Аралас жекпе-жек, панкратион және грэпплинг Ұлттық Федерациясы – халықаралық UWW қауымдастығының мүшесі.

Жарыстың жалпы қорытындысы жайлы төрешілер мен қазылар сөзіне сүйенсек, осы бір ерекше спорт түрінен қарағандылық жекпе-жек өкілдерінің қарқыны әлдеқайда басым. Жыл сайынғы ашық біріншіліктермен, турнирлерден орынсыз қайтпайды. Нәтиже әзірге жақсы.



• ТЕННИС

Жауапты

сәт әлі алда

Қазақстанның алғашқы ракеткасы Елена Рыбакина Майамиде (АҚШ) өткен «Мастерс» сериясы турнирінің финалына жолдама алды.

Жартылай финалда ол АҚШ спортшысы Джессика Пегулаға қарсы ойнады.

Матч екі сетке созылды. Ақырында Елена Рыбакина 7:6, 6:4 есебімен жеңіске жетті.

Ал, алдағы атық сында ол қос жұптың жеңімпазы Петра Квитова (Чехия) – Сорана Кырстяға (Румыния) қарсы ойнайды.



Дайындаған
Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

• ҒАШЫҚТАР КҮНІ

Қосылып қатар аққан бұлақтардай

Ғашықтар күнін атап өту бұдан 20 жыл бұрын ұсынылған екен. Десек те, 2011 жылдан бастап атаулы күн «Қозы Көрпеш – Баян сұлу күні» болып күнтізбеге енді. Қос жүректің бір-біріне алып ұшып асыққанының көрінісін баяндай Ғашықтар күні келіп қалды. Осы күнге орай 14 сәуірде облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен Қарағанды Кеншілер мәдениет сарайында «Біз екеміз» атты облыстық отбасылық байқау өтпек.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Бұл байқау бұрынғыдан өзгерек деуге негіз бар. Себебі, сайысқа түсер жұптың шынайылығы, шаңырақ шаттығы, келін ибасы мен отағасының жігері анықталар байқау болмақ.

Байқау үш кезеңнен тұрады. Оның ішінде алғашқы кезеңдегі таныстыру, «Өнерлі жанұя» және «Дәстүр – асыл қазынам» деп екіге бөлінеді. Екінші турда әр қатысушы өздері дайындаған шығармаларын ұсынады. Оған мыналар кірмек. Ән айту, би билеу, монолог оқу және музыкалық аспапта ойнау. Ал, үшінші кезеңде қатысушылар отбасымен бірге ұйымдастырған ұлттық әдет-ғұрып түрлерін (сөлем салу, қыз айттыру, сүндет той, қалжа той, қазық майлау, бесікке салу, тымаққа салу) жанғыртып сахнаға алып шығуы керек.

Жалпы, қазақы салттың ұмытылмай ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуына осындай игі шаралар мұрындық болмақ қашанда.

Шарада жаңа құрылған жас шаңырақтың керегесінің кең болуына, отбасы іргетасының мызғымас берік болуына жетелер соған бейімдер міндеттер бар.

Мысалы ән, музыкалық шығарма, монолог жоғары деңгейде МРЗ форматында жазылуы шарт. Орындалатын шығарманың авторы мен қатысушылардың толық аты-жөні көрсетілуі қажет. Сондай-ақ, аталған байқауда фонограммамен (+) ән айтуға рұқсат етілмейді.

• БӘРЕКЕЛДІ!

Жас музыканттар топ жарды

Алматы қаласында ҚР дарынды балаларға арналған мамандандырылған музыкалық орта мектеп оқушылары арасында XI республикалық байқау өтті. Еліміздің түпкір-түпкірінен жиналған 191 оқушы шығармашылық сайыста бақ сынады. Байқауға қатысқан Қарағандыдағы мамандандырылған музыкалық мектеп-интернатының оқушылары I, II, III дәрежелі лауреат атанып, жүлделі оралды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған республикалық байқау арнайы фортепиано, үрмелі және ұрмалы аспаптар (флейта, гобой, кларнет, фагот, саксофон, валторна, керней, тромбон, туба) номинациялары бойынша өтті.

Қарағанды мамандандырылған музыкалық мектеп-интернатының оқушылары Варвара Лыкова (флейта) және Роман Хе (гобой) сайыста I дәрежелі лауреат атанды.

– Мен алты жасымнан бастап флейтада ойнаймын. Бұл байқауға мектебіміздің үрмелі және ұрмалы аспаптар бөлімінің меңгерушісі Жанат Оспанова дайындады. Біздің номинацияда 10 қатысушы болды. Жеңіс

оңай келмейді, ол дайындық пен тәжірибені талап етеді. Бірақ мен үшін бұл жаңа тәжірибе әрі алғашқы жетістігім. Жеңіске жеткеніме өте қуаныштымын! – дейді МММИ 7-сынып оқушысы Варвара Лыкова.

Ал 10-сынып оқушысы Роман Хе музыка-камен айналысқанына 10 жыл болыпты. Таланты жас болашақта солист болғысы келеді екен.

– Байқаудың I турында мен Гендельдің сонатасын (2-ші және 3-ші бөлімдер) және Құрманғазының «Ақбай» күйін, ал II турда Беллини концертін ойнадым. Мен гобоймен 8 жылдан бері айналысып келемін, ал жалпы музыка саласында 10 жыл. Болашақта солист болғым келеді және шет елдерге гастрольдік сапармен шығып, шеберлік сыныптарын өткізім келеді, – деді оқушы.



Мамандандырылған музыкалық мектеп-интернаттың бес оқушысы II дәрежелі лауреат, үшеуі III дәрежелі лауреат, тағы жетеуі дипломант атанды. Сондай-ақ, үш жас музыкант арнайы сыйлықтарға ие болды.

• ҚАС-ҚАҒЫМ СӘТ



Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ағрағат» ЖШС
Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖУМАДИЛДИНОВА

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртай, Саран, Шақтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВРУ00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KZJVBK2XXX БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№36 тапсырыс. Индекс 65484

Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ